



АҚОРДА



ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК СТРАТЕГИЯСЫ ҚАРАЛДЫ

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің отырысын өткізді.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Қазақстан Республикасының 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық қауіпсіздік стратегиясын жүзеге асыру қорытындысы шығарылды.

Үкімет негізгі көрсеткіштерге қол жеткізу туралы есеп берді. Сондай-ақ бірқатар салалық мемлекеттік орган жетекшілері басты бағыттар бойынша баяндама жасады.

Мемлекет басшысы геосаяси ахуалды ескере отырып, қоғамдық, экономикалық, экологиялық, су және азық-түлік қауіпсіздігі мәселелерін пысықтау қажеттігіне назар аударды.

Бұдан бөлек, отырыста Қазақстан Республикасының 2026-2030 жылдарға ар-

налған ұлттық қауіпсіздік стратегиясының жобасы қаралды. Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі саналатын бұл Стратегия алдағы бес жылда болуы ықтимал сын-қатерлерге төтеп берудің негізгі тәсілдерін анықтайды.

Жиында Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин орта мерзімге арналған басымдықтар, мақсатты индикаторлар мен стратегиялық тәуекелдерді басқару механизмдері жөнінде баяндады.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, жаңа Конституцияны қабылдау арқылы мемлекет дамуындағы жаңа кезеңге кадам басып, Қазақстанның Тәуелсіздігін, егемендігі мен аумақтық тұтастығын се-

німді түрде қорғауға мүмкіндік туды. Ал аталған Стратегия конституциялық қағидаттардың мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз етіп, еліміздің тұрақты әрі қарқынды дамуына жағдай жасайды.

Мемлекет басшысы ұлттық мүддені қорғау міндеттерін сапалы орындаудың маңызына баса мән берді. Оның қатарына, атап айтқанда, қорғаныс қабілетін қамтамасыз ету; азаматтарды, қоршаған ортаны және ақпараттық кеністікті қорғау деңгейін арттыру; киберқауіпсіздік шараларын күшейту және әлеуметтік-экономикалық саладағы тәуекелдерді азайту мәселелері кіреді.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев экономика, білім мен технология салаларында суранысқа ие білікті шетелдік мамандарды тартуға қолайлы жағдай жасайтын бағдарламаны жеделдетіп әзірлеуді тапсырды.

СУ – САРҚЫЛМАЙТЫН РЕСУРС ЕМЕС



Климаттың өзгеруі жағдайды одан әрі ушықтыруда. Температураның көтерілуі, мұздықтардың еруі және жауын-шашын режимінің өзгеруі өзендердің су деңгейіне әсер етуде. Әсіресе, оңтүстік аймақтарда егін суару мәселесі күрделеніп, ауыл шаруашылығы өндірісі су үнемдеуге мүдделі болып отыр. Су ресурстары және ирригация министрлігі биыл оңтүстікте су тапшылығы сезілуі мүмкін екенін болжап отыр. Министр Нұржан Нұржігітовтің айтуынша, 2025 жылы жауын-шашынның аз түсуі, әсіресе таулы аймақтарда ылғал қоры нормадан төмен болуының салдарынан Сырдария мен Талас бассейндерінде су деңгейі көпжылдық нормадан төмен. Іле мен Шу өзендерінде су жағдайы салыстырмалы түрде тұрақты болғанымен, ағын біркелкі емес.

→ 2

МҰЗ ҮСТІНДЕГІ БӘСЕКЕ

Қазір мәнерлеп сырғанау десек, есімізге бірден Илья Малинин түсетіні анық, 21 жастағы Илья Малинин өз үстемдігін қайта жалғап, Прагада мінсіз өнер көрсетіп, алтын тұғырға қайта аяқ басты. Ол қос бағдарлама қорытындысы бойынша 329,40 ұпай жинап, қарсыластарынан айқын басым түсті. Күмісті жапониялық Юма Кагияма, қоланы оның отандасы Шун Сато иеленді.

→ 8



КӨМІРДІҢ ЕКІНШІ ТЫНЫСЫ:

ЭНЕРГИЯ МЕН ЭКОЛОГИЯНЫҢ ЖАҢА КЕЛІСІМІ

Үкіметтің мәліметі бойынша IT-сектордың өсуі, деректер орталықтарын құру және жасанды интеллектіні енгізу тұрақты базалық жүктемені қажет етеді, ал оны тек жаңартылатын энергия көздері қамтамасыз ете алмайды. Демек, көмір – цифрлық дәуірдің де сенімді серігі бола алады. Ұлттық жобада 7,8 ГВт қуат көзін енгізу және жаңарту қарастырылған. 8 жаңа энергия көзін салу жоспарланған, арасында Екібастұз (2 640 МВт), Курчатов (700 МВт), Жезқазғандағы (500 МВт) ірі нысандар, Көкшетау, Семей, Өскемендегі заманауи ЖЭО бар. Сондай-ақ Ақсу ГРЭС, Екібастұз ГРЭС-2, Қарағанды энергия торабын қосқанда, қолданыстағы 11 стансаны терең жаңғырту басталады.



→ 4

ЭКРАН АЛДЫНДАҒЫ БІЛІМНІҢ ҚҰНЫ ҚАНДАЙ?



Қазір студенттер арасында онлайн емтиханда басындағы білімді емес, технологияның тілін меңгергендер ұтып кетеді деген пікір қалыптасқан. Алайда бұл ретте Айнұр ханым мәселе тек технологияда емес екенін айтып өтті. Прокторинг жүйелері арқылы бақылауды күшейтуге болғанымен, басты түйткіл – студенттердің емтиханды адал тапсыруға емес, түрлі айла-амалдарды қолдануға ұмтылуында жатыр.

→ 7



ЖУРНАЛИСТЕР ӘСКЕР ӨМІРІМЕН ТАНЫСТЫ

Оқу сыныбында қонақтар жас жауынгерлердің әскери техниканы жүргізу және заманауи қару түрлерін қолдану дағдыларын қалай меңгеріп жатқанын бақылап көрді.

→ 5

31 НАУРЫЗ 2026 | СЕЙСЕНБІ

СЕНАТТА ПАРЛАМЕНТТІК ТЫҢДАУ ӨТЕДІ

Палатаның Іс-шаралар жоспарына сәйкес 3 сәуірде «Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде агроөнеркәсіптік кешен мен су шаруашылығын цифрлық трансформациялау» тақырыбында парламенттік тыңдау өтеді.

Айта кетейік, ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2026 жылды Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жариялады. Бұл бастама экономиканың барлық саласына жаңа технологияларды енгізуге және цифрлық инфрақұрылымды одан әрі дамытуға бағытталған.

Сонымен қатар осы аптада мүдделі мемлекеттік органдардың қатысуымен сенаторлардың Ақтөбе және Жетісу облыстарының тұрғындарымен көшпелі кездесулері өтеді. Күн тәртібінде — жаңа Салық кодексі

аясындағы салық саясаты мен әкімшілендіру мәселелері, сондай-ақ «Қорғас» халықаралық шекара маны ынтымақтастығы орталығы базасындағы арнайы экономикалық аймақтардың қызметі.

Сонымен бірге 2 сәуір, бейсенбі күні өтетін палатаның алдағы отырысында депутаттар «Қазақстан Республикасы мен Перу Республикасы арасындағы қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы шартты ратификациялау туралы» ҚР заңын, сондай-ақ оған ілесіп — «Қазақстан Республикасы мен Перу Республикасы арасындағы сотталған адамдарды беру туралы шартты ратификациялау туралы» және «Қазақстан Республикасы мен Перу Республикасы арасындағы ұстап беру туралы шартты ратификациялау туралы» заңдарды қарайды. Құжаттардың негізгі мақсаты — уағдаласушы мемлекеттердің қылмыстық істер бойынша тергеу жүргізуде, қылмыстық қудалауда және сот ісін жүргізуде өзара құқықтық көмек көрсету.



СУ – САРҚЫЛМАЙТЫН РЕСУРС ЕМЕС

Қазақстанда су тапшылығы мәселесі жылдан-жылға өзекті болып барады. Қазірдің өзінде бірқатар өңірде су жетіспеушілігі айқын байқала бастады. Сондықтан елімізде су ресурстарын экономикалық жағынан тиімді, экологиялық жағынан таза жағдайда пайдалану мәселесі кезек күтіп тұр.

Тілекгүл ЕСДӘУЛЕТ

Климаттың өзгеруі жағдайды одан әрі ушықтыруда. Температураның көтерілуі, мұздықтардың еруі және жауын-шашын режимінің өзгеруі өзендердің су деңгейіне әсер етуде. Әсіресе, онтүстік аймақтарда егін суару мәселесі күрделеніп, ауыл шаруашылығы өндірісі су үнемдеуге мүдделі болып отыр. Су ресурстары және ирригация министрлігі биыл онтүстікте су тапшылығы сезілуі мүмкін екенін болжап отыр. Министр Нұржан Нұржігітовтің айтуынша, 2025 жылы жауын-шашынның аз түсуі, әсіресе таулы аймақтарда ұлғайт қоры нормадан төмен болуының салдарынан Сырдария мен Талас бассейндерінде су деңгейі көпжылдық нормадан төмен. Іле мен Шу өзендерінде су жағдайы салыстырмалы түрде тұрақты болғанымен, ағын біркелкі емес.

— Токтоғұл су қоймасының көлемі бытырғыдан 1,5 км³ кеміген, бұл Түркістан облысындағы Мақтаарал мен Жетісай аудандарына «Достық» каналы арқылы су жеткізуді қиындатуы мүмкін. Жамбыл облысы үшін маңызды Киров су қоймасы да тәуекелде: қазіргі көлемі 314 млн м³, бұл бытырғыдан 1,5 есе аз, — деді министр.

БАССЕЙНДІК ЖОСПАРЛАР ЖАСАЛДЫ

Мамандар онтүстік өңірлерде суару режимін тиімді жоспарлау, резервтік қорларды пайдалану және су тапшылығына дайындықты күшейту қажеттігін ескертеді. Дегенмен Су ресурстары және ирригация министрлігі бұл бағытта жүйелі жұмыстар жүргізіп жатыр. Министрліктің хабарлауынша, 2025 жылы қабылданған жаңа Су кодексі күшіне енді. Онда алғаш рет «су қауіпсіздігі» ұғымы енгізіліп, ресурстарды қатаң есепке алу мен экологиялық теңгерімді сақтау заң жүзінде міндеттелді. Сонымен қатар «2024-2030 жылдарға арналған тұжырымдама» бекітіліп, оның аясында 42 жаңа су қоймасын салу және мыңдаған шақырым каналдарды қайта жөндеу арқылы елдің су инфрақұрылымын түбегейлі жаңғырту көзделген.

— Ендігі кезекте әр өңірдің ерекшелігін, су көлемі мен инфрақұрылым жағдайын көрсететін Бассейндік жоспарлар жасалады. Кейін бұл мәліметтің барлығы климаттық және экономикалық факторларды ескеретін 15 жылдық ұзақмерзімді ұлттық Бас жоспарға біріктіріледі. Ал ұзақмерзімді жобалармен қатар ағымдағы мәселелерді жедел шешу мақсатында 2024-2028 жылдарға арналған кешенді жоспар іске қосылды. Бұл құжат саланы уақытша кідіріссіз цифрландыруды және суару жүйелерін заманауи талаптарға сай бейімдеуге бағытталған, — деді министрліктің баспасөз қызметі.

Министрлік саланы цифрландыру бойынша, Ұлттық су ресурстарының ақпараттық жүйесі әзірленіп жатқанын және қазір оның он модулінің сегізі пилоттық режимде іске қосылғанын хабарлады.



— Жүйеде су объектілерінің интерактивті картасы жұмыс істейді, еліміздің сегіз су шаруашылығы бассейні бойынша есеп жүргізіледі, сондай-ақ 1000-нан астам гидротехникалық құрылыс пен 82 су қоймасының мониторингі қамтамасыз етілген. Сонымен қатар су ағындарын болжауға арналған гидрологиялық модельдер, су тұтынууды талдау және болжау үшін жасанды интеллектке негізделген жүйелер енгізілуде, сондай-ақ суару арналарының автоматтандырылуы мен цифрландырылуы бойынша жобалар жүзеге асырылуда. Саладағы негізгі цифрлық шешімдерді толық енгізу 2026 жылдың соңына дейін жоспарланып отыр, — деді Су ресурстары және ирригация вице-министрі Ерболат Ибрайханов.

Былтыр Астанада өткен БҰҰ азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы мен Қазақстан арасындағы су ресурстарын тұрақты басқару саласын талқылауға арналған дөңгелек үстелде БҰҰ өкілі Виорел Гуту еліміздің су қауіпсіздігіне қатысты пікір білдірген болатын. Ол дөңгелек үстел барысында БҰҰ-ның дерегі бойынша 2022 жылы Қазақстанның су ресурстарына жүктеме 34,6%-ға жеткені туралы және негізгі мәселе — суды тиімсіз пайдалану, суару жүйесіндегі сырап және трансшекаралық өзендерге тәуелділік екенін айтқан.

«Қазақстандағы жерасты суларын пайдалану — дәл қазір назар аударуға болатын дамудың перспективалы нұсқасы. Дегенмен жерасты суларының ресурстары



Қазақстандағы жерасты суларын пайдалану — дәл қазір назар аударуға болатын дамудың перспективалы нұсқасы. Дегенмен жерасты суларының ресурстары біркелкі таралмаған және олардың сапасы біркелкі емес

біркелкі таралмаған және олардың сапасы біркелкі емес», — деді БҰҰ өкілі Виорел Гуту.

ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ КЕЛІСІМДЕР: ТИІМДІ ДИПЛОМАТИЯ

Сарапшылардың сөзінше, елімізде су ресурстары біркелкі таралмаған. Сондықтан географиялық ерекшеліктерді, яғни елдегі су таралуының нақты жағдайын да ескеру қажет. Халықаралық сарапшы Болат Есекіннің айтуынша, су, жер және

орманды бөлек емес, біртұтас қарастыратын интеграцияланған басқару реформасы қажет.

— Су тапшылығының басты қаупі — антропогендік жүктеменің артуы және орман, су, жер экожүйелерінің тозуы салдарынан жаһандық әрі жергілікті су айналымының бұзылуымен байланысты. Негізгі қателердің бірі — су тапшылығы мәселесін тек технология арқылы шешуге болады деген түсінік. Тамшылатып немесе жаңбырлатып суару, сондай-ақ тарифтік тетіктер суды үнемдеуге бағытталғанымен, олар су қорын қайта толықтыру мәселесін шешпейді. Ал өзендер арқылы күн сайын ағып, қайта айналымға түсетін миллиардтаған текше шақырым судың орнын технология көмегімен алмастыру мүмкін емес. Біз оларды ешқашан алмастыра алмаймыз, өйткені адамзаттың қуаты табиғаттың қуатынан 10-20 дәрежеге әлсіз — бұл физиканың заңдылығы. Сондықтан су, жер және орманды бөлек емес, біртұтас қарастыратын интеграцияланған басқару реформасы қажет. Сондай-ақ Президент Тоқаев айтқандай, су мәселесі бойынша халықаралық ұйым құру бастамасы аясында жаһандық үйлестіру де керек, — дейді ол.

Қазақстандағы су проблемасының тағы бір түйткілі су ресурстарының шамамен 44,3%-ы трансшекаралық өзендерге тәуелді болуымен байланысты. Бұл еліміздің су қауіпсіздігін сыртқы факторларға байлап отыр. Қазақстан су қорын жинау үшін Қытай Халық Республикасымен (Ертіс, Іле, Емел өзендері), Ресеймен (Жайық, Тобыл, Есіл, Ертіс), Қырғызстанмен (Шу, Талас) және Өзбекстанмен (Сырдария) мәміле жасайды. Мамандардың зерттеуінше, әсіресе Қытай тарапынан біздің елімізге ағып келетін ірілі-ұсақты өзендердің жалпы саны мыңға жетеді. Бүгінгі күні еліміз Қытаймен келіссөздер нәтижесінде тек Қорғас өзенін бірігіп пайдаланудың тәртібін келісуге қол жеткізген. Ендігі кезекте Қазақстан дипломатиясының алдында Ертіс және Іле өзендері бойынша уағдаласу мәселесі тұр. Бұл тұрғыда сарапшы Марат Иманалиев Қытай Халық Республикасымен трансшекаралық өзендер бойынша, соның ішінде ең бастысы — Ертіс, Іле өзені жөнінде келіссөздер жүргізіліп жатыр дейді. Оның сөзінше, Қазақстан Қытаймен мұндай келіссөздер жүргізіп жатқан жалғыз

ел және келіссөздердің 50%-ы жүргізіліп қойған.

Сондай-ақ мамандар елдегі 90% су ауыл шаруашылығы мен суармалы егіншілікке жұмсалатынын және ол су кері қайтарылмайтынын айтады. Сондықтан кейінгі жылдары республиканың онтүстік өңірлерінде су ресурстарының қолжетімділігін ескере отырып, су көп қажет ететін дақылдар, оның ішінде күріш пен мақта егіс алқаптарын онтайландыру жұмыстары қолға алынып жатыр. Мәселен, биылдан бастап суды аз тұтынатын өнімді дақылдар көптеп егілмек. Ауыл шаруашылығы министрлігінің дерегінше, онтүстік өңірлерде су лимитіне байланысты күріш алқабы 20,2 мың гектарға қысқартылды. Мақта алқабы 162,4 мың гектарды құрайды. Оның ішінде 79,8 мың гектарды тамшылатып суару, 82,6 мың гектарды дәстүрлі суару жоспарланған. Нәтижесінде, тамшылатып суару алаңы 29,8 мың гектарға ұлғайып, дәстүрлі әдіс 12 мың гектарға қысқарады деп күтілуде.

142 ЕЛДІ МЕКЕН САПАЛЫ АУЫЗСУМЕН ҚАМТЫЛАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылғы халыққа Жолдауында: «Жалпы, ондаған жыл бойы қомақты қаржы бөлінгеніне қарамастан, ауызсу мәселесі әлі шешімін тапқан жоқ. Сондықтан Өңірлерді дамытудың ұлттық жобасы аясында бес жыл ішінде халықтың 100 пайызын таза ауызсумен қамтамасыз етуді тапсырамын. Бұл — Үкіметтің алдында тұрған басты міндет», — деген еді. 2023 жылғы деректерге сәйкес, елімізде 1,3 миллион адам орталықтандырылған ауызсу жүйесіне қосылмаған. Ауылдардың 10%-дан астамы әлі күнге дейін құдықтан, өзен-көлден немесе тасымалды су көздерінен су ішеді. Тиісті министрліктер мен ведомстволар 2030 жылдың соңына дейін су сапасын жақсарту мақсатында су құбырларын жаңалау және экономика салаларындағы суды қайта пайдалану үлесін 17%-дан 28%-ға дейін ұлғайту бағытында бірқатар жұмысты жүзеге асырып келеді. Атап айтқанда, Су ресурстары және ирригация министрлігі тарапынан топтық су құбырларын салу және реконструкциялау жобаларын іске асыруда.

Министрлік еліміздің 9 өңірінде топтық су құбырларын реконструкциялау және жаңғырту бойынша 30 жобаны іске қосты.

— 2025 жылы жоспарланған 9 жобаның орнына 15 жоба бойынша құрылыс-монтаж жұмыстары аяқталды (60%-ға артық орындалды). Жобалардың жалпы ұзындығы 1,5 мың шақырымды құрайды. Нәтижесінде, 514 мың адам тұратын 277 елді мекенде орталықтандырылған сумен жабдықтау жақсартылып, қамтамасыз етілді. Оның ішінде 73 елді мекеннің (115,5 мың адам) тұрғындары алғаш рет орталықтандырылған сумен жабдықтау жүйесіне қол жеткізді.

2026 жылы 12 жобаны аяқтау жоспарланып отыр. Бұл 540 мыңнан астам халқы бар 142 елді мекенде сумен жабдықтау сапасын жақсартуға мүмкіндік береді, — деді Ерболат Ибрайханов.

Ғылыми зерттеулерге сүйенсек, жер шарының 74 пайызын су алып жатыр. Алайда соған қарамастан әлемде су жетіспейді, әсіресе ауызсу тапшылығы күннен-күнге анық байқалуда. Су — сарқылмайтын ресурс емес. Алайда ұзақмерзімді, жүйелі және ғылымға негізделген саясат аясында оны қорғау, сақтау, үнемдеу арқылы мәселенің түйінін тарқатуға болады деп ойлаймыз.



ОТАНДЫҚ ӨНДІРУШІЛЕРДІ ҚОРҒАУ – МАҢЫЗДЫ

Астанада «AMANAT» партиясы жанындағы Аграрлық сектордың мәселелері жөніндегі республикалық кеңес отырысы өтті. Жиында отандық азық-түлік өнімдерін өндірушілерді қорғау және қолдау жөніндегі шаралар қаралды. Сонымен қатар ішкі сауда саясатының дамуы, отандық өндірушілердің нарықтағы жағдайы және баға қалыптастыру тетіктерінің ашықтығы мәселелері көтерілді.

Іс-шара Парламент Мәжілісінің депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Нұржан Әшімбетовтің төрағалығымен өтті. Отырысқа мемлекеттік органдар, салалық қауымдастықтар, агроөнеркәсіп кешені өкілдері мен сарапшылар қатысты. Жиында ашқан Нұржан Әшімбетов отандық өндірушілерді қорғай отырып, халыққа сапалы және қолжетімді азық-түлік жеткізу негізгі міндет екенін айтты.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының III республикалық форумында агроөнеркәсіп секторын жан-жақты дамыту мемлекет саясатындағы негізгі басымдық болып қала беретінін және өнімдеріміз ішкі нарықтың суранысын толық өтеп, шетелге де тұрақты шығарылуға тиіс екенін атап өткен еді. Бүгінде ішкі нарықты тек импортпен емес, отандық өніммен толықтыру стратегиялық мақсат болып отыр. Ол үшін мемлекет өндірушілерді қолдаудың барлық мүмкін шараларын қарастыруда. Сауда саласындағы ашықтық пен әділ бәсекелестікті нығайту үшін заңнама жетілдіріліп келеді. Сондай-ақ әлеуметтік маңызы бар тауарларға баға үстемесін бақылау күшейтіліп, әлеуметтік осал топтарға қолдау көрсету шаралары енгізілуде. Осылайша, Қазақстанның аграрлық секторын жаңа сапалық деңгейге көтеріп, өнім өндірушілер мен тұтынушылар үшін тұрақты нарық қалыптастырамыз», – деді Кеңес төрағасы.

Сауда және интеграция министрлігінің мәліметінше, 2025 жылдың қорытындысы бойынша ішкі тауар айналымы 14,6%-ға өсіп, 80 трлн теңгеге жетті. Ал көтерме сауда 53,5 трлн теңгені, бөлшек сауда 26,4

трлн теңгені құрады. Сондай-ақ отандық әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының ішкі нарықтағы үлесі 80%-дан асты.

Аталған министрліктің Ішкі сауданы дамыту департаменті директоры Ансар Оразалиевтің мәлімдеуінше, соңғы үш жылда салаға салынған инвестициялар көлемі 42%-ға өсіп, 1 229 млрд теңгеге жетті. Ол әлемдік деңгейдегі қиындықтарға қарамастан, сыртқы сауда айналымы да өсім көрсетіп, 143,9 млрд-қа жеткенін, сондай-ақ шикізаттық емес экспорт 41 млрд-ты құрап, былтырғы көрсеткішті сақтап отырғанын атап өтті.

«2030 жылға дейінгі сауда саясатының тұжырымдамасы бойынша сауда өнімділігін арттыруға бағытталған заманауи сауда экожүйесін қалыптастыру, отандық тауарларды ішкі және сыртқы нарықта ілгерілету, шикізаттық экспорттан жоғары қосылған құнды өнімдер экспортына көшу, тұтынушылардың құқығын жан-жақты қорғау, тауарлар мен қызметтердің қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз ету – басым бағыттар ретінде танылды. Ішкі сауда саласында құрылымдық жаңғырту және ашықтықты арттыруға бағытталған шаралар жүзеге асырылуда. Сауданың заманауи форматын дамыту үшін бірыңғай стандарт әзірленді», – деді ол.

Сонымен қатар Ансар Оразалиев ішкі сауда субъектілеріне мемлекеттік қолдау шаралары алғаш рет енгізілгенін жеткізді. Бұл бағытта 4,3 млрд теңге бөлініп, екінші деңгейлі банктер арқылы 460 жоба қолдау тапқан. Оның сөзінше, әкімдіктермен бірлесіп атқарылып жатқан базарларды



жаңғырту жұмысы аяқталуға жақын. Бұдан бөлек сауда сөрелерінің қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін отандық өнімдердің кемінде 30% үлесі барлық тауар топтары мен сауда инфрақұрылымына енгізілгенін айтты.

«Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, әлеуметтік маңызы бар өнімдерге сауда үстемесін бақылау күшейтілді және әлеуметтік осал топтарға атаулы көмек ретінде азық-түлік ваучерлерін енгізу қолға алынды. Ақмола мен Павлодар қалаларында пилоттық жоба тиімді нәтиже көрсетіп, жыл соңына дейін оны барлық өңірге кезең-кезеңімен енгізу жоспарланып отыр», – деді ол.

Жиында сөз алған «Ақтөбе облысының сүт және сүт өнімдерін өндірушілер қауымдастығы» ЗТБ басқарма төрағасының орынбасары Сағынғазы Құрманалин сауда желілерімен жұмыс барысында туындайтын бірқатар жүйелік мәселеге тоқталды.

«Біздің «Айс» сүт компаниясы Батыс Қазақстан облысына өнім жеткізеді. Алайда логистика, салықтық өзгерістер және сауда желілеріндегі қосымша маркетингтік талаптар өнімнің өзіндік құнына тікелей әсер етеді. 27 қантарда дистрибьюторға сауда үстемесін асыру фактісі бойынша айыппұл салынды. Бірақ бұл өсімнің артында объективті себептер бар. Сондай-ақ тасымал шығындары, жаңа салықтық талаптар мен сауда желілеріндегі жасырын ретро-бонус жүйесі баға қалыптасуына қосымша жүктеме түсіреді. Бұл жүйе тікелей көрсетілмейді, бірақ түрлі акциялар, жарнамалық міндеттемелер арқылы өндірушіге қосымша шығын ретінде жүктеледі. Соның салдарынан дистрибьюторлар да, өндірушілер де ашық түрде шағымдана алмайды», – деді Сағынғазы Құрманалин.

Ол нарықтағы қатынастарды барынша ашық әрі бірізді ету қажеттігін атап өтті. Спикердің сөзінше, қазіргі жүйе өндіруші

үшін де, дистрибьютор үшін де қосымша тәуекелдер туғызып отыр.

Өз кезегінде Сауда комитеті төрағасының орынбасары Дәулен Қабдушев сауда саласындағы қатынастар заңмен нақты реттелгенін атап өтті. Оның айтуынша, сауда желілеріне төленетін сыйақы мөлшері 5%-дан аспауы тиіс, ал әлеуметтік маңызы бар тауарлар бойынша бұл көрсеткіш 0% деңгейінде белгіленген.

«Өндірушілер мен сауда желілері арасындағы кез келген жасырын немесе қосымша төлемдер заңмен реттеледі. Заңнаманы бұзған жағдайда әкімшілік жауапкершілік қарастырылған. Бүгінде ішкі сауда ережелерін жетілдіру бойынша жұмыс жалғасуда», – деді ол.

Жиын қорытындысы бойынша қатысушылар ішкі сауда жүйесін дамыту, отандық өнімдердің нарықтағы үлесін арттыру және баға қалыптастыру тетігінің ашықтығын күшейту мәселелерін өзектілігін атап өтті.

МӘДЕНИЕТ – ҰЛТТЫҢ РУХАНИ ТІРЕГІ



Өскемен қаласында «AMANAT» партиясы жанындағы азаматтық қоғам мен мәдениетті дамыту жөніндегі Miras республикалық кеңесінің көшпелі отырысы өтті. Жиынның негізгі мақсаты – өңірдегі мәдени саясатты дамыту, мәдени туризмді ілгерілету және аймақтық бастамаларды қолдау мәселелерін жан-жақты талқылау. Сонымен қатар партияның сайлауалды бағдарламасында көзделген мәдениет нысандарын салу және жөндеу жұмыстарын жүзеге асыру барысы қаралды.

Көшпелі отырысқа Парламент Мәжілісінің депутаты, Miras республикалық кеңесінің төрағасы Аманжол Әлтай, Шығыс Қазақстан облысының әкімі Нұрымбет Сақтағанов, «AMANAT» партиясы Шығыс Қазақстан облыстық филиалының атқарушы хатшысы Жанат Мекеева, партияның Орталық аппараты Саяси жұмыс департаментінің директоры Еркебұлан Жаулыбаев, сондай-ақ өңірлік кеңес мүшелері, мәдениет, білім және туризм саласының өкілдері қатысты.

Жиын барысында қатысушылар өңірлік кеңес жұмысының нәтижесін саралап, мәдениет саласындағы өзекті мәселелерді талқылады. Сондай-ақ олар мәдени инфрақұрылымды жаңғыртуға, мәдени мұра нысандарын сақтау мен дамытуға және туризм әлеуетін арттыруға ерекше назар аударды.

Miras республикалық кеңесінің төрағасы Аманжол Әлтай өз сөзінде, мәдениет ұлттың рухани тірегі екенін атап өтті. Оның айтуынша, өңірлердегі мәдениет нысандарын



дамыту мен жаңғырту елдің тұтас дамуына тікелей әсер етеді.

«Бүгінде мәдениет саласына жүйелі қолдау көрсету – уақыт талабы. Әсіресе, өңірлердегі мәдениет ошақтарының жағдайын жақсарту, оларды заман талабына сай жаңғырту – басты міндеттеріміздің бірі. Мәдени туризмді дамыту арқылы рухани құндылықтарды дәріптеп қана қоймай, өңір экономикасына да жаңа серпін бере аламыз», – деді ол.

Сонымен қатар депутат партияның сайлауалды бағдарламасы аясында жүзеге асырылып жатқан жобалардың маңызына тоқталып, олардың тиімді әрі сапалы орындалуы партияның бақылауында екенін жеткізді.

Өз кезегінде Шығыс Қазақстан облысының әкімі Нұрымбет Сақтағанов Miras республикалық кеңесі – мемлекет, қоғам және сарапшылар қауымдастығы өкілдерін біріктіріп, мәдениет, рухани даму және қоғамдық келісімді нығайту салаларындағы

міндеттерді шешуге бағытталған беделді диалог аланы екенін атап өтті.

«Шығыс Қазақстанда мәдени инфрақұрылым жүйелі түрде дамып, дарынды жастардың әлеуетін ашуға барлық жағдай жасалып отыр. Облыстағы театрлар, музейлер, кітапханалар мен мәдениет үйлері халыққа сапалы қызмет көрсетіп, ұлттық құндылықтарды кенінен насихаттауда», – деді ол.

Сондай-ақ облыс әкімінің айтуынша, өңірде мәдени мекемелердің материалдық-техникалық базасы нығайып, заманауи форматтағы мәдени іс-шаралар көбейіп, тұрғындардың мәдени өмірге белсенді қатысуына кең мүмкіндік берілуде.

Кездесу қорытындысы бойынша қатысушылар бірқатар нақты ұсыныс пен бастаманы ортаға салып, оларды алдағы уақытта жүйелі түрде жүзеге асыру қажет екенін атап өтті. Бұл бағыттағы жұмыстар өңірдің мәдени әлеуетін арттыруға және тұрғындардың өмір сапасын жақсартуға ықпал ететіні айтылды.

Ақмола облысы Атбасар ауданында «AMANAT» партиясы Экологиялық кеңесінің көшпелі отырысы өтті. Жиында су тасқыны кезеңіне дайындық және гидротехникалық құрылыстардың жағдайын күшейту мәселелері жан-жақты талқыланды.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ КЕҢЕС КӨШПЕЛІ ЖИЫН ӨТКІЗДІ



Іс-шараға «AMANAT» партиясы Ақмола облыстық филиалының төрағасы Берген Беспалинов, облыстық Экология департаментінің басшысы Мағзұм Кукумбаев, Атбасар ауданының әкімі Кенеш Әлімжанов, Сандықтау ауданының әкімі Серік Құдабай, Зеренді ауданы әкімінің орынбасары Серік Исаханов, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар өкілдері қатысты. Кеңес жұмысы аясында қатысушылар бұған дейінгі жылдары еріген қар суынан айтарлықтай зардап шеккен Жабай өзенінің жағалауын аралап, Айдабол және Максимов су бөеттерінің жағдайымен танысты. Жиында нысандардың техникалық жағдайы, су өткізу мүмкіндігі және алдын алу шараларының орындалуы барысы талқыланды. Бұл ретте Берген Беспалинов су тасқынының алдын алу жұмысы жүйелі әрі уақытылы жүргізілуге тиіс екенін жеткізді.

«Негізгі міндет – қауіпті аймақтарды дер кезінде анықтап, су тасқыны басталғанға дейін нақты әрі тиімді шаралар қабылдау. Тұрғындардың қауіпсіздігі – басты назарда. Алдын алу шаралары тек көктемгі кезеңмен шектелмеуі керек. Гидротехникалық нысандардың жай-күйін бақылауда ұстап, өзен арналары мен су өткізу жүйелерін тұрақты түрде тазалау және қорғаныс бөеттерін нығайту жұмыстары жүргізілуі қажет», – деді ол.

Бұдан бөлек, төтенше жағдайдың алдын алу үшін жергілікті атқарушы органдар, бейінді қызметтер мен қоғамдық ұйымдар арасындағы өзара іс-қимылды күшейту маңызды екенін атап өтті. Ескерту жүйесін жетілдіру, халықты дер кезінде ақпараттандыру және эвакуациялық

жоспарларды пысықтау да басты бағыттардың бірі ретінде белгіленді.

Берген Беспалиновтың сөзінше, су тасқынының салдарын азайту – тек мемлекеттік органдардың емес, барша қоғамның ортақ міндеті. Сондықтан ол тұрғындарды сақтық шараларын сақтауға және жауапты қызметтердің талаптарына түсіністікпен қарауға шақырды. Бұл ретте облыстық Экология департаментінің басшысы Мағзұм Кукумбаев атқарылып жатқан жұмыстардың жүйелілігі мен нысандардың қауіпсіздік шараларына тоқталды.

«Су бөеттері мен жағалаулардың жағдайына, сондай-ақ жағалау аймақтарын көгалдандыруға ерекше көңіл бөлініп отыр. Бүгінде гидротехникалық нысандарға тұрақты мониторинг жүргізіліп, олардың техникалық жағдайы кезең-кезеңімен тексерілуде. Қажет болған жағдайда жөндеу және нығайту жұмыстары қолға алынады. Сонымен қатар жағалау аймақтарын абаттандыру, ағаш отырғызу және санитарлық тазалау шаралары жүйелі түрде жүзеге асырылып жатыр», – деді ол.

Өз кезегінде Сандықтау ауданының әкімі Серік Құдабай аудан аумағындағы Жабай өзенінде су деңгейін тиімді реттеу мақсатында шлюздік қондырғы орнату қажет екендігін атап өтті.

Кеңес отырысының қорытындысы бойынша былтыр су тасқынынан зардап шеккен үйлер бұзылғаннан кейін Жабай өзенінің жағалау аймақтарын абаттандыру және көгалдандыру мәселелері қаралды. Кеңес мүшелері өз ойларын ортаға салып, жауапты органдарға бірқатар ұсыныс жолдады.

НАРЫҚ

31 НАУРЫЗ 2026 | СЕЙСЕНБІ

КӨМІРДІҢ ЕКІНШІ ТЫНЫСЫ: ЭНЕРГИЯ МЕН ЭКОЛОГИЯНЫҢ ЖАҢА КЕЛІСІМІ

Кеше ғана «лас өндіріс» деп танылған көмір бүгін қайтадан стратегиялық құжаттарға өзек болып отыр. Уақыттың таразысы өзгерді: Президент назар аударғандай, енді мәселе көмірден бас тартуда емес, оны қалай өркениетті игеруде. Қазақстан осы межеде «таза көмір» тұжырымдамасын игеріп, энергетикалық қауіпсіздік пен экологиялық жауапкершілікті қатар ұстануға талпынбақ. Бұл – табиғаттың мұрасын тәрк етпей, оны адал кәдеге жаратуды болашақтың талабына бейімдеудің күрделі, бірақ заңды қадамы.

Айхан ШӘРІП

САЛА БЕТАЛЫСЫ: КЕШЕГІ КҮЙ,
БҮГІНГІ САБАҚ

Қуат өндіру үшін көмір жағу – әлемдегі ең бір лас өндіріс саналғаны шын. Бұдақтан қап-қара түтіні қаншама қаланы көмкеріп, тұрғындардың өкпесін қапты, денсаулығына соққы берді. 1991 жылдан соң сұраныстың төмендеп, елімізде көптеген шахта тоқырауға ұшырап жабылды, көмір экспорты құлдырады. 1996 жылы «Қарағандулауларезы» мемлекеттік кәсіпорны жекешеленіп, шетелдік инвестордың шешімімен Қарағанды бассейніндегі бірқатар кеніш суға батырылды. Мұндай процесс осы шикізат өндірілетін өзге өңірлерді де шарпыды. Мындаған адам жұмыссыз қалды. Бұл – тек өндірістің емес, тұтас әлеуметтік кеңістіктің күйреуі болатын.

Алайда енді бұл саланың екінші тынысы ашылар сәті таяп тұр. Мемлекет басшысы «таза көмір» стратегиясын енгізуді тапсырды. Сала қайта түлеп, жаңа кейіпке еңбек. Қасым-Жомарт Тоқаев 2026 жылғы 20 қантарда өткен Ұлттық құрылтайдың V отырысында көмір жағатын ЖЭО-ларды салуға қайта оралу міндетін қойды. Жаңа заманның көмірлі стансалары ауаға ластауы заттарды аз шығаруға тиіс. Қазақстанның 33 миллиард тоннаға жуық орасан зор көмір қоры бар. Қазіргідей қарқынмен өндіре берсе де, қоры тағы 300 жылға жетеді. Елде жыл сайын 110 миллион тоннадан астам көмір өндіріледі. Бұл жөнінен қазақ елі әлемдегі көшбасшының бірі.

— Көмір — стратегиялық активіміз. Оның қоршаған ортаға зиянын түгел жоюын заманауи технологияны қолданып, көмірді толық пайдалану керек! Көмірмен қуат өндіру ісіне ұлттық жоба мәртебесі берілуге тиіс. Көкшетау, Семей және Өскемендегі жылу электр орталықтарының құрылысын тездету қажет. Оның қай-қайсысы да — маңызды жобалар. Бұл мәселе шешімін таппай, тым созбалаңға түсіп кеткенін мойындау керек. Жұртшылық оны асыға күтіп отыр. Мен Үкімет пен «Самұрық-Қазына» қорының жұмысына сын-ескертіп айтатын, — деді Қ.Тоқаев.

Бұл жерде мәселе тас кесек «қара алтынды» жай жағуда емес, оны қалай жағуда. Көмірден бас тартудың немесе ескі тәсілге қайтудың емес, жаңа технологиямен жанғыртудың маңдайы үлгісі, алғашқы қарлығашы Көкшетау қаласында салынатын стратегиялық маңызды жылу электр орталығы (ЖЭО) жобасы болмақ. Оның құрылысына Мемлекет басшысы ерекше мән беріп отыр.

ЖАҢА ЭНЕРГЕТИКАНЫҢ
СЫНАҚ АЛАҢЫ

«Самұрық-Энерго» АҚ басқарма төрағасы
Қайрат Максұтов журналистерге



түсіндіргендей, ЖЭО құрылысына ауданы 227 гектар жер телімі бөлінді: бес Ватикан сыяқты бұл кеңістік — символдық түрде жаңа дәуірдің кендігін аңғартады. Сондай-ақ күл-қож калдықтарын жинайтын алаң үшін қосымша 130 гектар жер қарастырылыпты. Стансаның жобалық қуаты шамамен 240 МВт, ал жылу қуаты кемінде 520 Гкал/сағ болады. Сонымен қатар қаланың келешектегі өсімі мен өңірдің қажеттіліктерін ескере отырып, қосымша су жылыту қазандықтарын орнату арқылы жылу қуатын тағы 300 Гкал/сағатқа дейін арттыру мүмкіндігі қарастырылады.

Бірқатар бастапқы жұмыс аяқталыпты: күштік трансформатор орнатылып, уақытша жолдар, құрылыс штабы салынды. «Келесі сәуір айынан бастап жоба белсенді құрылыс кезеңіне өтеді. Жабдықтарды жеткізу 2027 жылдың I тоқсанына жоспарланған. Энергия нысандарының құрылысына шамамен 2,5 мың адам тартылады. Пайдалануға берілген соң 400-ге жуық тұрақты жұмыс орны ашылады», — деді Қ.Максұтов.

Бұл жобаның ерекшелігі мен инновациясына тоқталған «Самұрық-Энерго» басшысы жоба аясында кәсіпорынның экологиялық қауіпсіздігіне ерекше мән берілгенін тілге тиек етті: ЖЭО-да «таза көмір» технологиясы енгізіледі. Түгін газын кешенді тазарту жүйесі төмен эмиссиялы қыздырғыштар, катализаторлар және электр сүзгілерді қамтиды. Сонымен қатар түгін газдарын өңдеу кезінде құрылыс саласында пайдалануға жарамды гипс түзілетін күкірт тазарту реакторы орнатылады. Сөйтіп, станса Экологиялық кодекс талаптарына толық сәйкес болады. Мұның бәрі көмірді «лас» атығынан арылтуға бағытталған. Демек, технология — экологияның қарсыласы емес, одақтасы бола алатынын дәлелдеуге ұмтылыс байқалады.

Атап өтер жайт, қурорттық Бұрабай аймағына жақын орналасқан Көкшетау қаласы қарқынды өсіп келеді, оның сұранысын жанғыратын қуат көздері толық

қамтамасыз ете алмас еді. АЭС салынғанның өзінде оның тоғы бұл атырапқа жетпейді. Ендеше, қолжетімді көмір қалады. Үкіметтің мәліметінше, Көкшетау ЖЭО-сының құрылысы халықты сапалы әрі үздіксіз жылу-энергиямен қамтамасыз ету үшін ерекше маңызды.

Тек жобаның өзінде 2035 жылға дейінгі кезеңде жылу энергиясына деген қажеттілік сағатына 840 Гкал-дан асады деп болжанды. Жыл сайын қалада 200–240 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріледі. Сондай-ақ жаңа әлеуметтік нысандар — мектеп, аурухана, емхана, спорт мекемелері ашылып жатыр. Станса Көкшетаудың 195 мыңнан аса тұрғынын, Станционный кентінің жұртын жылумен қамтиды. 600-ге жуық көпөтерлі тұрғын үйді ыстық сумен жабдықтауы. «Самұрық-Энерго» мәліметінше, жобаны 2029 жылдың наурызында аяқтау жоспарланған. Жобаны оның еншілес ұйымы — «Көкшетау ЖЭО» ЖШС жүзеге асыру үстінде.

Энергетика вице-министрі Сұңғат Есімханов та Көкшетаудағы жаңа ЖЭО «таза көмір» технологияларын қолдана отырып салынып жатқанына тоқталды. Бұл технологиялар заманауи сүзгілеу және көмірқышқыл газын ұстау жүйелерін қарастырады, сол арқылы қоршаған ортаға әсерді едәуір төмендетеді. Осындай станциялар Өскемен және Семей қалаларында да салынады. Бұларда түгін газдарын сүзудің озық жүйелері, ауыр металдарды тұтып қалу технологиялары қолданылуға тиіс. Екібастұз ГРЭС-3-тің (2 640 МВт) құрылысын салу үшін инвесторды айқындау бойынша тендер өткізілді және Курчатова қаласында ЖЭС (700 МВт) салу жоспарланған. Бұдан бөзлай Қазақстанда көмірден алынатын қуат көзі таза көмір технологиясы базасында дамытылуға тиіс.

ҚУАТ ГЕНЕРАЦИЯСЫНЫҢ
ЖАҢА КАРТАСЫ

Қ.Тоқаевтың Ұлттық құрылтайда берген тапсырмаларын орындау шеңберінде

өткен аптада Үкімет «Көмір генерациясын дамыту» жөніндегі ұлттық жобаны бекітті. Тиісті Қаулыға Премьер-министр Олжас Бектенов қол қойды. Құжат Қазақстанның 2030 жылға дейінгі энергетикалық қауіпсіздігін стратегиясын айқындайды, сондай-ақ индустрияландыру және цифрлық экономиканы дамыту барысында қажеттілігі бірнеше есе арта түсетін базалық қуаттардың тапшылығын жоюға бағытталған.

Үкіметтің мәліметі бойынша IT-сектордың өсуі, деректер орталықтарын құру және жасанды интеллектті енгізу тұрақты базалық жүктемесін қажет етеді, ал оны тек жанар-тылатын энергия көздері қамтамасыз ете алмайды. Демек, көмір цифрлық дәуірдің де сенімді серігі бола алады. Ұлттық жобадан 7,8 ГВт қуат көзін енгізу және жанарту қарастырылған. 8 жаңа энергия көзін салу жоспарланған, арасында Екібастұз (2 640 МВт), Курчатова (700 МВт), Жезқазғанды (500 МВт) ірі нысандар, Көкшетау, Семей, Өскемендегі заманауи ЖЭО бар. Сондай-ақ Ақсу ГРЭС, Екібастұз ГРЭС-2, Қарағанды энергия торабын қосқанда, қолданыстағы 11 стансына терең жанғырту басталады. Бұл жұмыс саладағы негізгі жабдықтардың тозу денгейін 2030 жылға дейін 12,6%-ға төмендетуге тиіс. Инвестициялардың жалпы көлемі — 7,5 трлн теңгеден астам.

«Енді жанадан салынатын құрылыстарда тек қана заманауи технологиялық шешімдер қолданылады. Бұл тиімділікті стандартты көрсеткіштен жоғары етеді және қалдықтардың үлесін айтарлықтай азайтады. Мұндай жобалар жоғары технологиялық электр сүзгілерін орнатуы, азот тотықтарын катализаторлық жолмен қалпына келтіру жүйелерін қолдануды және газдарды дымқыл жолмен күкірттен арылтуды көздейді», — деп түсіндірді Үкімет.

Бұл іс-шаралар халықаралық стандарттарға және «ең үздік қолжетімді технологияларды» (КДТ) қолдану талаптарына сәйкес қалдықтар концентрациясын

төмендетуге мүмкіндік береді. Жаңа қуаттарды тиімді енгізу үшін көмір өндіру және теміржол инфрақұрылымын дамыту жоспарларын үйлестіру қажет. Министрлік көмір өндірісін ұлғайту және теміржол желісіндегі өткізу қабілеті шектеулі учаскелерді, «тар тұстарды» жою мәселелерін пысықтады.

Ұлттық жобаның әлеуметтік блогы кадрлық өткір проблемаларды шешуге бағытталған. 4,5 мыңға жуық тұрақты жұмыс орнын ашу қарастырылған, ауқымды әлеуметтік қолдау іске қосылмақ. «Отбасы банкімен» бірлесіп көмір электр стансаларының қызметкерлері үшін бөлек, жеңілдікті ипотека енгізіледі. Мұның сыртында салалық ЖОО-лар базасында мамандардың біліктілігін жүйелі арттыру жоспарланған.

— Ұлттық жоба саладағы барлық бағытты кешенді әрі жан-жақты дамытуға бағытталған. Бұл инвестиция тартудан бастап, отын-логистикалық инфрақұрылымды дамытуға және кадрлық әлеуетті күшейтуге дейінгі теңдестірілген тәсіл. Мұндай жүйелі әдіс экономиканың мультипликативтік әсерін қамтамасыз етіп, елдің тұрақты дамуына үлес қосады, — деді Энергетика министрі Ерлан Аққенженов.

Жоба көмір өндіру және оны таситын теміржол және автокөлік салаларымен үйлестірілген. Ол үшін ұлттық жоба ашық вагондар паркін кеңейтуді (тәулігіне қосымша 600 бірлік), теміржол инфрақұрылымын жанғырту және ішкі қажеттіліктер үшін отын тасымалдаудың болжамды тарифтік дәлдігін енгізуді көздейді.

Қазіргі болжам бойынша, 2032 жылға қарай жаңа стансаларға жыл сайын 19 млн тоннадан аса қосымша көмір қажет болады, оны өндіріс қуатын арттыру арқылы өтеу көзделген. Осыған орай отандық көмір өндірушілер Үкіметке өндірістік қуатын ұлғайту жоспарларын ұсынды. Мысалы, «Боғатыр Көмір» ЖШС өндіріс көлемін биылғы 45,2 млн тоннадан 2032 жылы 56,5 млн тоннаға жеткізуді жоспарлап отыр. Компания 2032 жылға дейін ШТТ (циклді-толассыз технология) нысандарын салуға, техника алуға және өндірісті жаңғыртуға 360 млрд теңге бағыттайды.

«Шұбаркөл Көмір» АҚ та 2026 жылы көмір өндіру көлемін 16,1 млн тоннаға дейін арттыруға дайын екенін мәлімдеді. 2026–2032 жылдары 95,5 млрд теңгеге техникалық қайта жарактанып, цифрлық технологияларды енгізуге ниетті. Жоспарда ЦТАК-2 (циклді-толассыз аршу кешені) құрылысының екінші кезеңін іске асыру, 49,4 млрд теңгеге жабдықтар паркін жанарту, сондай-ақ Новотар жүйесін және роботтандырылған автоаударғыштарды енгізу қарастырылған.

Жалпы, ұлттық жобаны жүзеге асыру Қазақстандағы энергетикалық егемендігін нығайтып, ел аумағында қазандық агрегаттарын, трансформаторлар мен автоматтандыру жүйелерін өндіруді ынталандыруға, отандық машина жасау саласында мультипликативтік әсер тудыруға жол ашпақ.

Бір қарағанда «Таза көмір» — қайшылықты ұғым сияқты көрінгенімен, қазіргі кезеңнің ымыралы формуласы. Энергетикалық қауіпсіздік пен экологиялық жауапкершілік бір-бірін жоққа шығармай, өзара келісімге келуге мәжбүр. Көмір генерациясы технологиялық, экономикалық әрі әлеуметтік жүйенің өзегіне айналмақ. Бұл жолдың қаншалықты сәтті болары уақыттың еншісінде. Бірақ бір нәрсе даусыз: көмірдің тағдыры — елдің энергетикалық тәуелсіздігімен тікелей сабақтас.

ӨНІМІ МОЛ, ӨҢДЕУІ АЗ...

Қазақстан нарығында сүт өнімдерінің басым бөлігі импортқа тәуелді екені жасырын емес. Сондықтан ішкі нарықты отандық өніммен толтыру өзекті болып тұр. Осыған дейін Мемлекет басшысы Үкіметтің кеңейтілген отырысында агроөнеркәсіп кешеніндегі терең өңдеуге басымдық беру керегін айтып, нықтаған еді.

А Олжас ЖОЛДЫБАЙ

— Шикізатты терең өңдеу — ауыл шаруашылығына да қатысты өте өзекті мәселе. Өнімдердің басым бөлігі жеке қосалқы шаруашылықтарда және шаруа қожалықтарында өндіріледі. Еттің 60 пайызы, сүттің 80 пайызы — солардың еншісінде. Бұл жағдай өнімділікті арттыруға кедергі болып отыр. Үкімет бизнес қауымдастығымен бірлесіп отырып, тамақ өнеркәсібін дамытуға қатысты жүйелі шаралар қабылдауға тиіс, — деген еді Президент.

СЫРТҚЫ НАРЫҚТЫҢ СЫРЫ

Үкімет деректеріне зер салсақ, 2023 жылы — 1,8 млн тонна, 2024 жылы 2,1 млн тонна сүт өнділіпті. Ал 2025 жылы сүт өндірісі шамамен 3,8 млн тоннаға құраған. Сонымен қатар қазір елде 180-нен астам сүт өңдеу кәсіпорны жұмыс істейді. Яғни, сүт өндірісінің көрсеткіштері оң динамика байқатып отыр. Алайда ішкі нарықта отандық өнімнің үлесін өсіру міндеті толық орындалмай отыр.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметінше, сүт өңдеу саласында тұрақты даму және өндірістік әлеуетті арттыру ісі қарқынды көрінеді. 41 млрд теңгеге 12 инвестициялық жоба жүзеге асырылып жатыр. Олардың нәтижесінде қосымша 165 мың тонна өңдеу қуаты енгізілмек. Бұл жобалар ішкі нарықты сүт өнімдерінің кең ассортиментімен қамтамасыз етуге және экспортты кеңейтуге негіз қалыптастырады деп сендіреді ведомство.

Ал Қазақстан сүт одағының директоры Владимир Кожевниковтің пікірінше, сүт

өндірісінде еліміз Ресей мен Беларусьтің өнімдеріне бәсекелесе алмай, импортқа тәуелді болып отырғаны — шаруашылықтарға жұмыс инфрақұрылым жасалмай, субсидияның, жеңілдетілген несиенің уақытында жетпегенінен. Сондықтан жаңа бағдарлама қабылдау қажет деп санайды.

— Отандық сүт өнімнің көлемі аз, ал импорт көп болғандықтан, баға жағынан ұтылуламыз. Сүт, айран, қаймақ бойынша өзімізді 90–95 пайызға қамтуға болады. Әйтсе де, өнімнің мерзімі 72 сағатқа ғана жарамды. Сырттан құрғақ сүт, май, қаймақ, йогурт көптеп кіріп жатыр. Бізде құрғақ сүт өндірісі 90 пайызға құлдырады. Егер құрғақ сүт өңделсе, кондитерлік өнімдерге жарар еді. Экспортқа ірімшік, май ғана жөнелтеміз. Дей тұрғанмен, «Шин Лайн» бәлмүзделіміз Орталық Азия мен Ресейде танымал. Бірақ елде импорт үлесі әлі де басым. Мәселен, Ресей, Беларусьтің сүт өнімдері нарығымызға арзандау, көлемі көп болып кіреді де, біргідеп қымбаттайды. Себебі оларда ауыл шаруашылығын қолдау ісі өте күшті. Ал сапасы, дизайны жағынан отандық өнімдерден аса алмайды. Сүт бағытының жандануы үшін инфрақұрылымды жақсартып, тасымалын реттеп, салықты азайтып, субсидияны көбейтіп, жеңілдетілген несиенің көптеп қарастыру керек. Ал қолданыстағы кредиттің пайызы жоғары, мерзімі қысқа болғандықтан, фермерлер қайтарып үлгермейді. Сондықтан кешенді түрде жалпы сүт бағытында жаңа бағдарлама әзірлеп, жеке секторды кооперативтерге біріктірсе дұрыс болар еді, — деп пайымдайды Сүт одағының басшысы.

Energygroup.kz мәліметінше, былтыр отандық сүт зауыттары ішкі нарықтағы сұранысты (ішкі өткізу және экспортты қоса алғанда) 95,1%-ға қамтамасыз еткен. 2024 жылдың сәйкес кезеңінде бұл көрсеткіш 94,6% болған. Импорт 4%-ға қысқарып, 34,2 мың тоннаны құрады. Қазақстаннан сүт экспорты 88,6%-ға өсіп, 2,7 мың тоннадан 5,1 мың тоннаға дейін артты. Ішкі нарықтағы сауда көлемі 694,3 мың тонна құрап, бір жылда 6,2%-ға ұлғайды.

ЖЕТІСТІК ТЕ ЖОҚ ЕМЕС

2026 жылдың қантарында елде сүт бір айда 0,4%-ға қымбаттаған. Жылдық мәнде баға 2025 жылдың қантарымен салыстырғанда 9,2%-ға өсіпті. Майлылық деңгейі бойынша да ұқсас жағдай байқалады. Дәлірек айтқанда, 2,2–2,5 пайыз майлылықтағы сүт — 8,9%-ға, 3,2–4,5 пайыз — 9,4%-ға, 6 пайыздан жоғары — 9,3%-ға қымбаттады. Сүт бағасы тұрақтандырудың жолдары бар екенін айтушылар жетерлік. Солардың бірі — QAZAQ AQBAS республикалық палатасы директорлар кеңесінің мүшесі Қуаныш Серказулы. Ол үшін егінімен айналысатын шаруашылықтарды да мал шаруашылығына бейімдеп, халық көп тұтынатын аумаққа сүт фермаларын салу керек деп біледі.

— Негізгі сүт бағытында жұмыс істейтіндерге мүмкіндік мол. Әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы арқылы да қолдайды. Сол түрде өңірлерде 20 жоба жасалып, сүт фермалары ашылды. Дәл осындай үлгіні шығысқа, басқа аймақтарда жүзеге асырған жөн. Ол үшін жер керек. Егістікте істейтін фермерлер 6 ай ғана еңбектеніп, қалған күн суыған мезгілде бос жатады. Демек, оларға да малмен айналысуға талп қойылып, жер бос жатпауы керек. Сонда қалалардың маңынан көбірек сүт фермалары ашыла бастайды. Соның арқасында ет-сүт бағытындағы мал көбейіп, отандық өнім салмағы артады. Ақ бас сиыр 2013 жылы 75 мың



бас болса, қазір 700 мыңға жетті. Осылайша, өзіміздің тұқымды жан-жақты дамытып, танытып, өнімін ала алар едік, — дейді ол.

Үкімет дерегіне, қазір жалпы құны 41,2 млрд теңгені құрайтын 11 жоба жүзеге асырылуда. Нәтижесінде, қосымша 50 мың тонна өңдеу қуаты іске қосылады. Яғни, салада тындырымды істер қолға алынып келеді. Ең бастысы, мұнымен тоқтап қалуға болмайтыны.

Айтпақшы, салада субсидия көлемі де едәуір көрінеді. Бұл жайында Ауыл шаруашылығы министрлігіне қарасты Мал шаруашылығы департаменті директоры Бағлан Аймұрзаев егжей-тегжейлі түсіндіріп берді.

— Қазір 1 литр сүт өндірісін, мемлекеттен литріне 30 теңге беріледі. Президент субсидиялаудан жеңілдетілген несиеге кезең-кезеңімен өту бойынша тапсырма берген. Түркістан облысындағы түіе сүтін өңдейтін Golden Camel зауыты жұмыс істеп тұр. Басты нарығы — Қытай. Дәл осындай үлкен сүт зауытын Маңғыстауда салуды жоспарлап отырмыз. Түіе сүтінен ұнтақ әзірлеп өнім өндіретін болады. Ауылда сүт өнімдерінен жеке-жеке құрт-майы, ірімшігін дайындап отырғандардың бары рас. Олардың

проблемасы да сол. Өнімнің өткізіп, пұлдай алмай да. Базарлар, сауда орталықтары жеке қосалқы шаруашылықтардан қажетті деңгейде өнім ала алмағандықтан, өнімнің қабылдағысы келмейді. Өйткені олар үнемі үзіліссіз өнім келіп тұра дейді. Осындай жеке қосалқы шаруашылықтарды кооперативтерге біріктірген абзал. Бұл бағытта «Ауыл аманаты» бағдарламасы жұмыс істеп тұр. Егер кооперативтер құрып, кәсіп ашатын болса, 30 млн теңгеге дейін жеңілдетілген несие беріледі. Осының арқасында жеке қосалқы шаруашылықтардан өнімді жинай отырып, кейін сатуына да болады. Негізгі, Еуропа елдері, АҚШ солай дағдыланған, — дейді департамент директоры.

Еліміздің индустриалды бағдарламаларының қатарына сүт бағыты да кіреді. Бұдан былай, сүт өнімдері саласында 2,4 млн тонна шикізат қайта өңделіп, шамамен 36 млрд теңгеге қосымша өнім шығарыламақ. Осылайша, елде ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу үлесі жыл соңына дейін 70%-ға жетпек. Бір сөзбен айтқанда саланы дамытуға мүмкіндік те, ниет те бар. Тек кемшіліктерді жою алдыңғы қатарға шықса, құба-құп.

ҚАЛҚАН

31 НАУРЫЗ 2026 | СЕЙСЕНБІ

Қорғаныс министрлігі республикалық және аймақтық медиа өкілдеріне арналған баспасөз турының ұйымдастырып, журналистерге әскери дайындықтың жаңа тәсілдері мен заманауи қару-жарақ түрлерін көрсетті.



Манғыстау облысындағы әскери бөлімдеріне ұйымдастырылған баспасөз турында журналистер алдымен теңіз жаяу әскерлері нысандарын аралап, пейнтбол қалашығындағы екі взводтың шартты қысқартылып тағамдалады. Онда әскери қызметшілер тактикалық маневрлерді пысықтап, үйлесімді іс-қимылдарын көрсетті.

25744 әскери бөлімінің командирі гвардия подполковнигі Азамат Сүлейменовтің айтуынша, пейнтбол ғимараттарға шабуылдау, аумақты тазарту, қорғаныс пен шабуыл кезіндегі іс-қимылдар сияқты нақты жауынгерлік жағдайларды модельдеуге мүмкіндік береді. Осындай дайындықтың арқасында теңіз жаяу әскерлері дұрыс қозғалып, тиімді позицияларды иеленуге және бөлімше құрамында өзара іс-қимылды үйлестіруге машықтанады.

Оқу сыныбында қонақтар жас жауынгерлердің әскери техниканы жүргізу және заманауи қару түрлерін қолдану дағдыларын қалай меңгеріп жатқанын бақылап көрді. Одан соң «Оймаша» полигонында көрсетілімдік атыстар ұйымдастырылды. Әскери қызметшілер мерген мылтықтары мен түрлі гранатаатқыштардан жаттығулар орындап, ұрыс жағдайына барынша жақын ортада тактикалық әрекеттерді пысықтады. Сондай-ақ бригаданың сап алаңында төрт жасар блогер Бек Сәбитті теңіз жаяу әскерлерінің қатарына қабылдау рәсімі өтті. Әскери ант сөздерін салмақты кейіппен әрі мақтанышпен айтқан бүлдіршін жиналғандардың қошеметіне бөленді.

Әскери-теңіз базасына жасалған сапар да есте қаларлықтай болды. Мұнда қонақтар бөлімінің инфрақұрылымымен, жауынгерлік кемелердің міндеттерімен және елдің теңіз шебін қорғаудағы Әскери-теңіз күштерінің рөлімен

танысты. Әскери теңізшілер экипаж жұмысы, кемелі шабуылдау тактикалық көрінісі, заманауи навигация және бақылау жүйелерін көрсетті.

Ең әсерлі сәттердің бірі кемелен теңізге шығу болды. Журналистер теңіздің кермек суын ішіп, әскери теңізшілердің бауырластық рухын сезінуге мүмкіндік алды.

Сонымен қатар Әуе қорғанысы күштерінің нысандарын аралау да мазмұнды өтті. БАҚ өкілдері ұшу құрамын даярлау және авиациялық техникаға қызмет көрсету процесімен танысты. Әсіресе, заманауи авиация мүмкіндіктерін айқын көрсеткен көрсетілім ерекше әсер қалдырды.

Медиа өкілдері құрлықта, теңізде және әуеде қызмет етудің ерекшеліктерімен осылай танысты. Олар жеке құраммен тілдесіп, күнделікті тұрмыс жағдайларын, оның ішінде сарбаздардың тамақтануын да бағалай алды.

Осының бәрі кәсібилік, қатаң тәртіп және заманауи технологиялар біртұтас

әрі тиімді қорғаныс жүйесін қалай қалыптастыратынын айқын көрсетті.

Баспасөз турының екінші күні де есте қаларлықтай мазмұнды болды. Журналистер Әскери-теңіз күштеріндегі жауынгерлік дайындықтың заманауи бағыттарымен танысып, ұшқышсыз ұшу жүйелері операторларының жұмысына қанығып, тіпті сүнгүйр жабдығын тәжірибе жүзінде сынап көруге мүмкіндік алды.

Ақтау гарнизонының әскери бөлімдерінде БАҚ өкілдеріне ұшқышсыз авиацияның даму жағдайы және дрон операторларын дайындау туралы жан-жақты ақпарат берілді. Қазіргі уақытта Әскери-теңіз күштерінде мамандандырылған екі зертхана және бір оқу сыныбы жұмыс істейді. Онда бейінді мамандармен қатар өзге бөлімшелердің әскери қызметшілері де дайындықтан өтеді.

Әскери-теңіз күштері бас қолбасшысы басқармасы бас штабының



роботтандырылған жүйелерді қолдану жөніндегі аға офицері подполковник Григорий Селивановтың айтуынша, оқыту әскери қызметшілерге ұшқышсыз жүйелерді басқарудың бастапқы дағдыларын үйретіп, заманауи қару түрлері туралы жалпы түсінік беруге бағытталған.

— Бұл бөлімшелердің дайындығын арттырып, жеке құрамның қазіргі

заманғы ұрыс жағдайларына бейімделуін қамтамасыз етеді, — деп түсіндірді ол.

Сонымен бірге журналистерге «бірінші жақтан көретін» FPV-дрондардың мүмкіндігі көрсетілді. Онда оператор дрон камерасынан түскен бейнені көзділік арқылы көріп, дронның ішінде отырғандай сезімде болады. Бұл ұшқышсыз аппаратты жоғары дәлдікпен басқаруға мүмкіндік береді.

Одан кейін баспасөз туры оқу-сүнгүйрлік орталығында жалғасты. Бөлімше бастығы капитан-лейтенант Руслан Қунаков орталық барлық мамандықтағы сүнгүйрлерді, соның ішінде жауынгерлік жузушілерді, техникалық бейіндегі мамандарды, сондай-ақ штаттағы және штаттан тыс кеме сүнгүйрлерін дайындайтын атап өтті. Журналистерге ашық және жабық циклді аппараттар, сондай-ақ шлангалы сүнгүйр құралдары көрсетілді.

Одан соң баспасөз туры Әскери-теңіз күштерінің теңіз жаяу әскерлерінде жалғасты. Мұнда десанттық-шабуылдау батальонында мерзімді қызметін өтеген әскери қызметшілердің Жауынгерлік түмен қоштасу рәсімі өтті. Салтанатты іс-шараға әскери-теңіз базасының

қолбасшылығы, ардагер теңізшілер, қоғамдық ұйымдардың өкілдері және әскери қызметшілердің ата-аналары қатысты.

Бөлім басшылығы матростарға әскери борышын адал атқарғаны үшін алғыс айтып, алдағы өмірлеріне сәттілік тіледі. Әрбір әскери қызметшіге алғысхаттар мен естелік сыйлықтар табысталды.

ИРАННАН ЭВАКУАЦИЯЛАУ ЖАЛҒАСУДА

Бір айдан астам уақыт соғыс болып жатқан Ираннан шетелдіктерді эвакуациялау әлі жалғасып жатыр. 28 ақпаннан 30 наурызға дейін Ираннан Әзербайжан арқылы 3 094 шетелдік азамат эвакуацияланған. Олардың ішінде қазақстандықтар да бар.



Соғыс болып жатқан елден шетелдіктерді эвакуациялау бірнеше бағытта ұйымдастырылып жатыр. Құрлық арқылы эвакуациялау Әзербайжан, Армения және аталған елдер арқылы құрлықпен 66 азаматын эвакуациялаған. Соның ішінде Әзербайжан жерімен Ираннан шыққан отандастарымыздың саны — 12 адам. Өзгесі Түрікменстан және Армения арқылы елге оралды. Одан бөлек, Қазақстан Таяу Шығыс елдерінен 10 275 азаматымызды эвакуациялаған еді. Азаматтарды қаттығыс аймағынан шығарып алудың белсенді фазасы 14 наурызда аяқталған болатын.

Ал Әзербайжан Республикасы аумағы арқылы Ираннан эвакуацияланған адамдар

арасында Қытайдың 728, Ресейдің 354, Бангладештің 198, Тәжікстанның 187, Пәкістанның 148, Үндістанның 196, Оманнның 80, Индонезияның 68, Италияның 44, Алжирдің 30, Испанның 26, Германияның 24, Канаданың 25 азаматы бар. Олардан бөлек, Иранның азаматтары да елден шығып кеткен. Сонымен қатар Сауд Арабиясы, Жапония, Грузия, Өзбекстан, Польша мен Швейцария, Нигерия, Мажарстан, Бахрейн, Мексика мен АҚШ, Ұлыбритания қатарлы көптеген елдің азаматтары да Оңтүстік Кавказ арқылы соғыс болып жатқан Иран аумағынан шығып кеткен. Ал Әзербайжан Ираннан өзінің 536 азаматын эвакуациялапты.

ЗАҢ БҰЗҒАН ШЕТЕЛДІКТЕР ЕЛДЕН ШЫҒАРЫЛДЫ

Наурыз айында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге, көші-қон заңнамасын бұзудың алдын алуға бағытталған «Мигрант» жедел-профилактикалық іс-шарасы өтті. Бұл туралы Ішкі істер министрлігі хабарлады.

Еліміздің барлық аумағын қамтыған іс-шара барысында көші-қон заңнамасын бұзудың 7 мыңнан астам дерегі тіркелді. Соның ішінде 4,1 мың шетел азаматы елімізде болу қағидаларын бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылса, 2,7 мың шетел азаматының заңсыз жұмыс істегені анықталған. Одан бөлек, 2,2 мың отандасымыз бен заңды тұлғаның шетелдіктер туралы ақпаратты жасырып, дер кезінде полицияны хабардар етпегені анықталды. Тісінше, олар да жауапкершілікке тартылды. Сондай-ақ 500-ден астам жұмыс беруші шетелдік жұмыс күшін заңсыз пайдаланғаны үшін жауапкершілікке тартылды. Жедел іс-шара барысында осындай заңбұзушылықтарға байланысты жалпы сомасы 200 млн теңгеден астам айыппұл салынды. 1,5 мың шетел азаматының елде болуы мерзімі қысқартылса, 1,2 мың шетелдікті елден шығару туралы



сот шешімі шықты. 212 шетел азаматы депортацияланды. Олардың 8-і деструктивті-радикал діни ағым өкілі екені анықталған. Елден шығарылған шетелдіктердің барлығы 5 жыл бойы Қазақстан аумағына кіре алмайды. Одан бөлек, ел шекарасын бұзғаны үшін — 9, заңсыз

көші-қон ұйымдастырғаны үшін — 9, шетелдік жұмыс күшін тарту қағидаларын бұзғаны үшін 6 қылмыстық іс қозғалған. Мұның барлығы қоғамдық тәртіпті сақтау мен қылмыстың алдын алуға, «Заң мен тәртіп» қағидаларын қатаң сақтауға бағытталып отыр.

РУХАНИЯТ

31 НАУРЫЗ 2026 | СЕЙСЕНБІ

ЭННИҢ САЛМАҒЫ ЗАМАНЫНА
КАРАЙ ӨЗГЕРЕДІ

— Биыл алдыстың асқарына шығып отырсыз. Сахнада жүргеніңізге де аз уақыт болған жоқ. Осы уақытта артқа көз салғаныңызда не көресіз?

— Сахнаға алғаш қадам басқаным — 1983 жыл. Біреуге бұл көп уақыт болып көрінбеуі мүмкін, ал біз үшін бұл тұтас бір өмір. Артыма қарасам, өнерге үлкен сеніммен келген жас Ұлықпанды көремін. Біз кенестік кезеңнен бастап бүгінгі күнге дейінгі талай уақыттың куәсі болдық. Әр дәуірдің өз үні, өз болмысы бар. Сол кезеңдердің бәрінде әннің қалай туғанын, қандай көңіл күйден шыққанын көрдік. Өнер ешқашан өз мәнін жоғалтпайды. Халық қандай қиындық көрсе де, өнердің жүгі өзгермейді. Өзім ән жазатын болғандықтан, әр шығарманың артында шынайы өмір жатқанын жақсы сезінемін. Әсіресе, қиын кезеңдерде туған әндердің салмағы бөлек болады. Ондай туындыларда халықтың көңіл күйі, заманның тынысы анық байқалады. Уақыт өте келе әннің стилі де өзгеріп отырды.

Тәуелсіздікке дейін диско бағытындағы әндер көп болды. Кейін рок стилі келді. Өзім әртүрлі бағытта жазып көрдім. Диско, поп, латын-америкалық ырғақтар, казак вальс, босса-нова. Қазір жаңа ағымдар да пайда болып жатыр, соның ішінде регги стилін де байқап жүрмін. Дегенмен стиль таңдауда ұқыптылық қажет. Қанша түрлі бағыт болса да, соның ішінен қазақтың болмысына жақын, ұлттық нақышқа сай келетінін таңдау маңызды. Қазір бұл бағыт қазақ эстрадасында көрініс тауып келеді.

Соңғы уақытта шетелдік эстрадаламен де жұмыс істей бастадым. Бұл өзімді жаңа қырынан тану, өзге музыкалық кеңістікті көру үшін керек болды. Қуантатыны, әндерімді шетелдік орындаушылар да сахнаға шығарып жүр.

— Әндеріңіздің ішінде дәл сіздің болмысыңызды айыптайтын қорғаныңыз қайсы?

— Әр әннің өз стилі бар, соған сай айтылған ойы да өзгеше қалыптасады. Сондықтан бір ғана әнді бөліп көрсету оңай емес. Дегенмен өзіме өмір туралы толғаныстан туған шығармалар әлдеқайда жақын. Солардың ішінде «МузАрт», «Заман», «Меломен» топтарының орындауындағы кей әндер менің ішкі әлеміммен үндесіп жатады. Мысалы, «Қайран көңіл», «Махаббат гүлі солмайды» сияқты туындылардың стилі де, рухы да маған етене жақын. Ал «Күзгі вальс» мазмұны жағынан да, әуездік құрылымы тұрғысынан да жүрегіме ерекше жылы. Бұл әнді шетелдік орындаушыларға ұсынып көрдім, олар да сахнаға шығарып жүр. Нәтижесі жаман емес. Вальс ырғағында жазылғанымен, әуені өзгеше өрліген.

Мен өзімді ақынмын деп айта алмаймын, әннің сөзін жазбаймын, тек әуенін тудырамын. Кейде ән мен сөздің үйлесімі табылмай, шығарма толық ашылмай қалатын сәттер де болады. Ал басқа тілде орындалғанда, керісінше, сол әуен жаңа қырынан көрініп, сәтті шығуы мүмкін.

Сахнада жүргеніне 40 жылдан асқан Ұлықпан Жолдасовтың 500-ге жуық авторлық әні бар. Оның ішінде 300-ге жуығы эстрадалық әндер болса, қалғаны — оркестрлік шығармалар, композициялар, саундтректер, демо нұсқадағы әлі жарыққа шықпаған музыкалар. Эстрадалық әндерінің 100-ге жуығы Қазақ радиосының алтын қорына енген. Еліміздегі беделі биік, тарихы терең аталмыш радионың әнұранының авторы да — Ұлықпан Жолдасов. Композитордың авторлық әндерін тек отандық әншілер ғана емес, АҚШ, Ресей, Өзбекстан, Армения, Португалия сынды елдердің жұлдыздары да орындап жүр. Композитор биыл 60 жасқа толды. Жақында әншіні мерейтойымен құттықтап, шығармашылығы жайында әңгіме өрбіттік.

Ұлықпан ЖОЛДАСОВ,
композитор:ӨНЕРДІҢ «САУДА АЛАҢЫНА»
АЙНАЛЫП КЕТУІНЕ АЛАҢДАЙМЫН

Шәкірт тәрбиелеу де мен үшін маңызды бағыттардың бірі. Бірнеше жыл бойы композиторлық пен аранжировка саласында бағыт-бағдар берген шәкіртім Қуат Әбілов бүгінде эстрадала өз орнын қалыптастырған, көптеген хит әндердің авторы атанып отырған талантты композитор.

— Шетелде кімдерге ән жазып жүресіз?

— Қазіргі уақытта шығармашылығым тек отандық деңгеймен шектеліп отырған жоқ. Нью-Йорк қаласындағы Sony Production секілді ірі продакшнмен байланыс орнатқан досымыз арқылы шетелдік нарыққа ән жазып жүрмін. Біз жиі хабарласып, ұзақ сөйлесеміз. Олар қандай мінездегі әндерді ұнататынын, қандай стильдерге басымдық беретінін талқылаймыз. Сол бағытта жұмыс істеуге тырысамын. Sony Production — әлемдік музыка индустриясында өзіндік орны бар орта. Мұнда кезінде Мадонна, Майкл Джексон сынды ірі тұлғалар шыққан. Соның уақытта шығармаларым көрініс елдерде де кенінен орындалып жүр. Мәселен, Шохрухан есімді жас өзбек әншісі оннан аса әнімді орындап жүр. Тыңдарман тарапынан жақсы қабылданып жатқанын естіп қуанамын. Негізі, бұл әндер бұрын қазақ тілінде орындалған, қазір өзбек тіліне аударылып, жаңа тыныс алып жатыр.

Одан кейін альбомдары 17 миллион тиражбен сатылған Түркияның ең танымал әншісі Мұстафа Сандал, Өзбекстанның әйгілі Юлдуз Усманова, Армян

әншісі Сильва Акопян, Италия әншісі, әлемге әйгілі Ferragamo әулетінің (бұлғары аяқкиім, киім, т.б. өндіруші атақты италияндық бренд) ізін жалғастырушы ұрпағы, әнші Сальваторе Феррагамо да авторлық әндерімді өз репертуарына қосқан.

Шығармашылық жолымда халықаралық тәжірибенің де орны ерекше. Осыдан 10 жыл бұрын Стокгольм қаласына арнайы шақыртумен барып, келісімшарт аясында тәжірибе жинадым. Сол сапарда әлемге танымал музыкалық продюсер Николос Олоусонмен бірнеше ай бірге жұмыс істеп, кәсіби тұрғыда үлкен тәжірибе алдым.

«АЛТЫНАЙ» — ӨНЕРДЕГІ
ТӨЛҚУЖАТЫМ

— 40 жыл сахнада жүресіз ғой. Осы уақытта «Өнерге адал болу» дегенді қалай түсінесіз?

— Қазір өнер «сауда алаңына» айналып кетуіне алаңдаймын. Өйткені әннің бағы көбіне орындаушыдан туады, кейде оның мазмұны халықтың жүрегіне жетіп, хитке айналады. Бірақ осы үдерісті таза коммерцияға айналдырып, туындыны тек сату үшін жазатындар да кездеседі. Меніңше, композитор болсын, ақын болсын, шығарманы, ең алдымен, жүрегімен жазуы керек. Өнер — тауар емес. Бұрынғы қазақтың салтында авторға ризашылық білдірудің өз әдебі болған. «Ат мінгізіп, шапан жабу» деген дәстүрдің астарында үлкен құрмет жатыр.

Әлеуметтік желілерде «арнайы ән жазып беремін» деген жарнамаларды да жиі көреміз. Бұл да өнердің белгілі бір деңгейде арзандап кеткенін аңғартады. Дегенмен, соған қа-

ҚЫСҚА-НҰСҚА:

— Сізді қуантатын не нәрсесі?

— *Немерем.*

— Өткенге өкінесіз ба?

— *Жоқ!*

— Жиі ашуланасыз ба?

— *Иә. «Шайы орамал кепкенше» ғана ренжуім мүмкін.*

— Өнер дегенде, ең бірінші есіңізге не түседі?

— *Гитара.*

рамастан, аразында өнердің шын қадірін білетін, сапалы дүниеге жұмыс істейтін мықты композиторлар бар.

— Сіздің қолтаңбасы қалыптасқан композитор болуыңызға туған жердің топырағы (Маңғыстау жері) әсер етті ме, әлде ұстазға еліктедіңіз бе?

— Қазақтың қай жерін алсаңыз да, киелі жерлер көп. Маңғыстауда 362 әулие деп киелі деп айтып жатады. Өзі әнші Мұрат Өскенбаев деген ағамыз бар. Оның жыр-дастанын көп естідім. Күйлерін талай рет консерваторияда орындайды. Оларға қарап мен де солардай болғым келді. Кішкентай күнінен Мұрат атамның жыр-термесін, күйін тындап, содан 6 жасымда домбыра үйренгенмін. Жас кезімде домбыра ойнап, оркестрде жүріп ойнадым. Үлкен пластинкамыз болды, қүйтабақ дейміз ғой, солардан Қыз Жібекті, Қобыланды жырларын жаттап

алып, домбырада айтатынмын. Сондықтан домбыра бойыма сіңген, ауылдан шыққан өнер адамымын. 9 жасымда ағам еліктеп қолыма гитара ұстадым. Гитараны жақсы үйренгеннен кейін қызығып, эстрадала ауысып кеттім. Домбыраны да тастаған жоқ.

Қазақтың қай өңірін алсаңыз да, қасиетті мекенге толы. Соның ішінде Маңғыстау «362 әулиелі жер» деп бекер айтылмайды. Мұндай киелі топырақта өскен адамның өнерге жақын болмауы мүмкін емес деп ойлаймын.

— Сіздіңше, қандай әндердің ғұмыры ұзақ болады?

— Нақты қай әннің ұзақ жасайтынын ешкім дөп басып айта алмайды. Біз ән жазғанда «мынау мәңгілік болады» немесе «қысқа ғұмырлы болады» деп шығармаймыз. Оның тағдырын шешетін тыңдарман. Халықтың жүрегіне жеткен ән ғана уақыт сынынан өтеді. Мысалы, Құралай Сәтмұханбетова мен Ханбиді Есенқаракызы сөзін жазған «Алтынай» әнінің осынша ұзақ

жасайтынын алғашында болжаған жоқпын. Бұл әнді 1992 жылы орындадым, содан бері қанша жыл өтсе де, қай концертке барсам да, ең алдымен, осы әнді сұрайды. Сол себепті «Алтынай» мен үшін бір жағынан төлқұжат іспетті туындыға айналды. Әрине, кез келген композитордың арманы — артында із қалдыру. Мен де Әсет Бейсейітов, Кенес Дүйсекеев, Сейдолла Бейтерек сияқты ағалардың, сондай-ақ Шәмші Қалдаяқов атамның әндері сияқты ұзақ өмір сүретін шығармалар жазсам деген ниеттемін. Мәселен, Шәмші атамның «Сыған серенадасы» әнін араға жылдар салып Токтар Серіковке қайта жазып бердім. Оған дейін де талай әнші орындағанымен, әр кезінде әннің жаңа тынысы ашылып отырады. Сондықтан әннің халық арасында кен таралуы көбіне орындаушыға да байланысты.

— Өзіңіздің сахнадағы образыңызға, стиліңізге келсек, гитарасыз сахнаға шыға аласыз ба?

— Жоқ, мен өзімді гитарасыз елестете алмаймын. Жас кезімде 1-2 рет гитарасыз сахнаға шығып көрдім, бірақ ол маған жат екенін бірден сезіндім. Әр өнерпаздың сахнада өзін ұстауы, өзін көрсету мәнері болады ғой. Маған сахнада билеп, артық қимыл жасаған жараспайды деп ойлаймын. Ал гитарамен тұрғанда өзімді еркін сезінемін. Бір орында тұрып-ақ, бар көңілді, бар сезімді музыка арқылы жеткізе аламын.

— Өңіміңізге рақмет!

Сұхбаттасқан

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

ҰЛТТЫҚ ӨНЕРГЕ ЖАН БІТІРГЕН ШЕБЕР



Домбыраның шанағынан төгілген күй залды көрнеп барады. Сол сәтте үстел үстіндегі кішкентай ғана ағаш теке кенет тіріліп кеткендей қимылға енеді. Тыпырлап секіріп, тіпті бір орында тұрып-ақ таутекедей ойнақ салады. Әр қадамы күй ырғағымен дәл үндесіп, тұяғының тық-тық үні ерекше әсер сыйлайды. Көз алдында жай ғана ойыншық емес, тұтас бір өнер сөйлеп тұрғандай. Бұл — ұмыт бола бастаған қазақтың көне мұрасы, ортеке өнері.

Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

Осындай ерекше өнерді қайта жаңғыртып жүрген жандардың бірі — шымкенттік Жәнібек Әмірбеков. Ол күнделікті өмірде қарапайым ұстаз, ал шын мәнінде, ұлттық өнерге жанашыр шебер. Қазір «Парасат» жалпы орта мектебінде көркем өнбек пәнінен сабақ береді. Жәнібектің ортекеге келуі алдын ала жоспарланған жол емес еді. Барлығы күтпеген бір өтініштен басталыпты.

— Бір күні әріптесім, музыка үйірмесінің жетекшісі Гүлжайна апай ортеке керек екенін айтып, жасап бере аласың ба деп сұрады. Ағашпен жұмыс істейтіндіміз көрген сон

сенім артқан болуы керек, — дейді ол бізбен әңгімесінде.

Сол сәттен бастап шебердің жаңа ізденісі басталады. Бұрын тек атауын естігені болмаса, ортекенің жасалу қыр-сырын терең білмейтін еді. Ол бар ынтымақпен зерттеуге кіріседі. Интернеттен мәлімет қарайды, түрлі нұсқаны саралайды. Бірақ бір қиындық алдан шығады, ортекенің негізгі «жаны» саналатын механизмді туралы нақты ақпарат еш жерден кездеспейді. Дегенмен бұл Жәнібекті тоқтатпады. Керісінше, қызығушылығын арттыра түсті. Ол әр бөлшекті өз бетінше ойлап, қайта-қайта жасап көреді. Әсіресе, төменгі қозғалыс механизмін құрастыруда көп уақытын жұмсайды. Ізденіс, қателік, қайта жасау... Ақыры еңбегі ақталып, алғашқы ортекесін дүниеге әкелді.

Алғашқы туындысын Гүлжайна ұстазға табыстаған сәт оның шеберлік жолындағы жаңа белесі еді. Кейін ортекенің бейнесі мен қимылы видеоға түсіріп, әлеуметтік желіге жүктейді. Сол-ақ екен, күтпеген жерден жан-жақтан сұраныс түсе бастайды. Сөйтіп, бір кездейсоқ бастама үлкен іске ұласты. Бүгінде Жәнібек Әмірбеков тек ағаш бұйым жасаушы ғана емес, ұмыт қалған өнерге жан бітірген шебер ретінде танылып келеді. Дегенмен жай ғана қуыршақ емес, ол күй мен қимылдың, шеберлік пен сезімнің тоғысқан тұсы. Ал оны қайта тірілген жандар өткен мен бүгінді жалғап тұрған алтын көпір іспетті.

Ортеке сырт көзге шағын ғана ағаш ойыншық болып көрінгенмен, оның әр бөлшегінде үлкен еңбек пен тәзім жатыр. Шебердің айтуынша, бұл өнердің ең қиын тұсы текенін басы мен аяқтарын жасау. Бір қарағанда қарапайым көрінетін бас бөліктің өзіне тұтас бір күн кетеді. Ал аяқтары тіпті бөлек әңгіме. Төрт аяқтың әрқайсысы екіге бөлініп, барлығы сегіз бөлшектен құралады. Сол сегіз бөлшек мінсіз дәлдікпен жасалмаса, ортеке тіріліп, күйге ілесе алмайды.

— Ортекенің билеуі есеп пен тепе-теңдікке байланысты. Бір жерден қателесем, ол қимылдамайды, — дейді шебер. Аяқтарын жасауға екі күнге жуық уақыт жұмсалса, денесі әлдеқайда тез жарты күнде дайын болады. Бірақ негізгі «жан бітіру» жұмысы дәл осы қозғалыс жүйесінде.

Ортекенің күй ырғағына сай билеуі тек қолөнер емес, нағыз шеберлік пен сезімнің үйлесімі. Әр бөлшек бір-бірімен байланысып, бірнеше рет тексеріледі. Егер кішкентай ғана

іркеліс немесе қатаю байқалса, шебер еш қиналмастан қайта бұзып, қайта жинайды. Себебі ортеке «мінсіз» болғанда ғана сахнаға шығуға лайық. Бұл бұйымды жасау үшін кез келген ағаш жарамайды. Арнайы кептірілген, өңдеуге икемді ағаш түрлері қарағай мен емен қолданылады. Мұндай материалдар ұзаққа шыдайды әрі жарылып кетпейді. Дегенмен уақыт өз өзгерісін енгізбей қоймайды. Бұрын жіңішке жіптермен байланыстырылған бөлшектер, бүгінде желіммен бекітіледі. Бірақ шебер үшін ең бастысы сыртқы пішін емес, ортекенің ішкі «мінезі», яғни оның табиғи қимылы.

Қуантатыны — бұл өнерге деген қызығушылықтың қайта ояна бастауы. Әсіресе, мектептерде ортеке қолданылған сабақтар балалардың ерекше ықыласын оятады. Олар тек көріп қана қоймай, өздері де жасап көруге талпынады. Алайда шебер бұл өнердің онай еместігін жасырмайды. Ортеке жасау асығыстықты көтермейтін, үлкен сабыр мен дәлдікті талап ететін жұмыс. Әр бөлшек өз орнында, әр салмақ өз теңдігінде болуы керек. Әйтпесе, ағаш теке үнсіз қалады. Ал шебердің қолында ол күймен бірге тіріліп, би билейді.

Бүгінде шебердің қолынан бір текелі де, екі текелі де ортекелер шыққан. Алайда оның ойы мұнымен шектелмейді. Көңілінде әлдеқашан пісіп-жетілген бір үлкен арман бар. Сегіз текеден тұратын тұтас ортеке композициясын жасау. Бұл жай ғана қолөнер туындысы емес, тұнып тұрған сахналық көрініс болмақ.

— Бұрын сегіз текеден құралған ортеке болған дегенді естігем. Сол дүниені қайта тірілтіп келеді. Егер сәтгі түссе, оны шетелдерге апарып, қазақтың өнерін таныстырсам деймін. Басқа халықтар секілді біздің де ұлттық символымызға айналатын дүниеміз болса, — дейді шебер. Оның бұл арманы — тұтас ұлттық өнерге деген жанашырлықтың көрінісі.

Жәнібек Әмірбеков тек ортекемен ғана шектеліп қалмайды. Оның шеберханасында қазақтың тағы бірқатар көне аспабы қайта «тіл таба» бастаған. Тай-тұяқ, аса таяқ, тоқылдақ секілді ұмыт бола бастаған бұйымдар да оның қолынан жаңаша сипат алып жатыр. Бұл дүниелер де алғашында қарапайым сұраныстан басталған. Кейін әлеуметтік желі арқылы кең таралып, көпшілік назарын аударған. Қазір бұл ұлттық аспаптарға деген қызығушылық артып келеді.



— Домбыра мен қобыз жасайтындар баршылық. Ал осындай сирек аспаптарға келгенде шеберлер аз. Соған қарамастан, сұраныс көп. Халықтың өз тамырына қайта бет бұрып жатқанын сеземін. Сол жолда өз үлесімді қосып жүргеніме қуанамын, — дейді ол. Шебердің еңбегі тек ағаш жону емес. Бұл ұмыт бола бастаған мұраны қайта тірілту, өткен мен бүгіннің арасын жалғау. Оның қолынан шыққан әрбір ортеке — тарихтың тынысы, ұлттық рухтың жаңғырығы. Осындай жанашыр жандар барда, қазақтың көне өнері қайта түлеп, жаңа ұрпақпен бірге жасай беретіні анық.

Қазақтың көне өнерін қайта жаңғыртып жүрген шебер Жәнібек Әмірбеков үшін ортеке жасау қолөнер ғана емес, бұл — жан тыныштығы мен ішкі үйлесімдіктің көзі.

— Ағашпен жұмыс істегенде ерекше тыныштық табамын. Әр жасаған бұйымым маған шабыт беріп, ерекше рахат сыйлайды. Бұл көңілдің тоқтығы, — дейді шебер. Оның айтуынша, ортеке мен асатаяқ бір-бірімен тығыз байланысты өнер түрлері. Екеуі де жеке-дара өмір сүре алмайды, бірін-бірі толықтырып тұрады. Ал олардың «тілі» домбыраның қоңыр үні.

— Ортеке домбырасыз толық ашылмайды. Барлығы күйдің ырғағына байланысты. Сондықтан бұл өнерде, ең бастысы, шыдамдылық, — дейді ол.

Жәнібек ұстаз мектепте қызмет еткенмен, осы өнерді үйренуге қызығушылық танытқан шәкірттердің әлі де аз екенін жасырмайды. Дегенмен болашақта бұл бағытқа бет бұратын жастар табылады деген үміті бар. — Үйренемін деген адамға, ең алдымен, текенін басы мен аяқтарын жасауды меңгеру керек. Қалғаны біріндеп келе береді, — деп келесін бөлісті шебер.

Заманауи технология дамыған заманда бұл өнерді жаңаша бағытта дамыту туралы ой да болған. Алайда шебер оның табиғи болмысын бұзбауды жөн көреді. — Бір кездері астына электр мотор орнатып көрейін бе деп ойладым. Бірақ ол кезде ортекенің қасиеті жоғалады екен. Домбыраның ырғағына сай келмейді. Сондықтан бәрі табиғи қалпында болғаны дұрыс, — дейді ол. Бүгінде ортекеге деген сұраныс артып келеді. Әсіресе, музыка пәні мұғалімдері жиі тапсырыс береді. Қазақстанның

түкпір-түкпірінен ғана емес, шетелден де қызығушылық танытушылар бар. — Қазір еліміздің әр өңірінен сұраныс түсіп жатыр. Тіпті бір тапсырыс Словакиядан келді. Бұл біздің ұлттық өнеріміздің шекарадан асып жатқанын көрсетеді, — дейді шебер. Ұзынағаштан түскен ерекше тапсырыс болған, тапсырыс беруші де шебер адам болып, ортекенің астын құрастырмалы етіп жасауды ұсынған. Бұл Жәнібекке жаңа идея беріп, шығармашылығына тың серпін қосқан. — Кейде осы істі қалай бастап, қалай меңгеріп кеткеніме өзім де таңғаламын. Бірақ бұл жүрек қалауы, — дейді ол.

Ұлттық мұраға болашағы үшін алаңдайды. «Бұл өнерді сақтау үшін шеберлер көбеюі керек. Сұраныс бар жерде, сапа да болады. Ал жастарға айтарым, ұлттық өнерді дамыту керек. Мұндай дүниелерді ешқандай станок жасай алмайды, бәрі қолдың еңбегімен жасалады. Сондықтан сапалы, мықты дүниелер шығаруға ұмтылу қажет», — дейді ол.

Ұлттық мұраға жанашыр осындай азаматтардың арқасында ұмыт бола бастаған өнер қайта жаңғырып, жаңа буынға жол тартуға.

ЭКРАН АЛДЫНДАҒЫ БІЛІМНІҢ ҚҰНЫ ҚАНДАЙ?

Қазір жаңа білім игеру бұрынғыдай қол жетпейтін ресурс емес. «Іздегенге – сұраған» демекші, интернет кеңістікте қалауыңызға сәйкес білім берудің кез келген қызмет түріне оңай қол жеткізе аласыз. Бір батырманы бассаңыз болғаны, сіз іздеген дүниені ұсынушылардың тізімі алдыңыздан самсап шыға келеді. Бұл – Қазақстанға пандемиядан кейін дендеп енген онлайн білім беру процесінің жемісі.

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ, Алматы қаласы

Кейінгі жылдары елімізде білім беру секторына кіретін көптеген қызмет түрі жаппай онлайн форматқа көшті. Бұл құбылыс академиялық ортада да жиі көрініс табады. Десек те, жалпы көрсеткіште классикалық модельдегі ресми білім беру жүйесінің үлес салмағы аз. Содан да болар, онлайн оқыту әлі күнге дейін статистикада жеке үлкен категория ретінде қалыптаспаған. Ессенің, бұл тұрғыда білім беру жүйесіндегі жеке секторлар күшейіп келе жатыр. Оны мынадай көрсеткіштен аңғаруға болады. Мәселен, 2024 жылы Қазақстанның онлайн білім беру нарығында 90 ірі компанияның жиынтық табысы 95,4 млрд теңгеге жетіп, бір жыл ішінде 20 пайызға артқан. Нарықта орныққан компаниялардың арасында мектеп оқушыларын Ұлттық бірінші тестілеуге дайындайтын JUZ40 білім беру платформасы көш бастап тұр. Statsnet дерегіне сүйенсек, компанияның табысы 67,81 пайызға өсіп, жалпы көлемі 19,95 млрд теңгені құраған. Қазір балаларға арналған білім беру және мектеп бітіру емтихандарына дайындық сегменті аталған нарықтың негізгі драйверіне айналып отыр. Нарық қатысушылары одан бөлек корпоративтік оқыту бағытының да жоғары әлеуетке ие екенін атап өткен.

«ОНЛАЙН БІЛІМ АЛЫП, КӘСІБИ МАМАН БОЛЫП ШЫҒАМЫН ДЕУ – БЕКЕР»

Әлеуметтану ғылымдарының кандидаты Рамазан Саттарұлы нарықта онлайн білімнің кері әсеріне қарағанда ұтымды тұстары көбірек екенін айтады. Әлеуметтанушының сөзінше, кейінгі уақытта қоғамның онлайн білімге сенімі артып келе жатыр. Бұл құбылыс ірі университеттер мен білім беру консорциумдарының оқыту сапасын күшейтіп, білім алушыларды бақылау және бағалау тетіктерін жетілдірумен байланысты.

– Онлайн білім беру үрдісі – бізге қазіргі заманауи технология мүмкіндігінің нәтижесінде жеткен заңды құбылыс. Бұл техниканың дамуы, уақыт тапшылығы мәселесі, сонымен бірге белгілі бір саладағы маманның біліміне тәуелді болғаннан кейін пайда болған жағдай. Яғни, тәжірибелі оқытушының білімін кең аудиторияға жеткізу қажеттілігі онлайн білімнің дамуына әсер етті. Бірақ онлайн білімді дәстүрлі оқыту жүйесінің баламасы емес, оны толықтыратын қосымша құрал ретінде қарастырыған жөн. Тек онлайн білім алумен шектеліп, кәсіби маман болып шығамын, жана кәсіп игеремін деу – бекер. Өз кезегінде қашықтан оқыту білімге деген қолжетімділікті айтарлықтай арттыра түсті.

Неге десеніз, мәселен, елде жоқ мамандардан шетелде отырып-ақ білім алуға мүмкіндік бар. Бұл, әсіресе, ауыл мен қала арасындағы алшақтықты азайтуға қамтамасыз етеді, – деді Р.Саттарұлы.

Таяқтың екі ұшы болатыны сияқты, қашықтан оқыту жүйесінің қоғам үшін орасан зор пайдасынан бөлек, кері ықпалы да жоқ емес. Әсіресе, бұл тұста әлеуметтік желідегі шегі жоқ курстар мен марафондардың артуы, онлайн білім берудің коммерциялық сипат алуы келешекте білімнің өз құндылығын жоғалтып, қарапайым «тауарға» айналдырып жібермей ме деген заңды сауал тұады.

– Бұл салада кемшіліктердің барын да жоққа шығара алмаймыз. Кейбір жағдайда онлайн білім маркетингтік құралға айналып, күмәнді коучтар мен сапасыз курстар арқылы табыс табуын көзіне айналғанын

қашықтан оқыту форматы технологиялық тұрғыда мүмкін болғанымен, әлі күнге дейін педагогикалық және мәдени тұрғыда толық қалыптаса қойған жоқ. Бұл мәселені PhD, Astana IT университетінің ассистент-профессоры Айнур Сләмғажы бізге берген сұхбатында былайша тарқатты.

– Біріншіден, оқы орны қашықтан оқытуға дайындықпен көшуге тиіс. Пандемия уақытында еш дайындықсыз амалсыздан жаппай онлайн оқытуға көштік. Барлық оқытушы бірдей технология мүмкіндіктерін хабардар болмады. Ең алдымен, технологияны тиімді қолдану, түрлі әдіспен студентті қызықтыра білу, студентпен байланыс орнату, назарын ұстап отыру сынды дағдыларды қалыптастыруымыз қажет еді. Технологияның бар мүмкіндігін пайдалану жағынан әлсіз болдық. Осының салдарынан онлайн оқыту жүйесінде қай жағынан болсын білім сапасы әлсіреді. Екіншіден, менің байқауымша, бізде студенттің өз бетімен білім алуы дамымаған, яғни студент білім өзіне қажет екенін сезіне бермейді. Егер студентте «осыны қайтсем де үйренем» деген ниет болса, қандай формат болмасын, студент үйренуге тырысар еді. Бірақ өкінішке қарай, қашықтан оқыту кезінде студенттер

Жаһандық мобильді оқы нарығының есебі (Миллиард АҚШ долларымен)



Дереккөз: Zealous System
Created with Datawrapper

көріп жүрміз. Негізінен, білім беру нарықтық қатынастар аясында қызмет түріне айналып отыр. Ол нарықта жүргеннен кейін міндетті түрде тауарға айналады. Бұл – капиталистік жүйеге тән табиғи процесс. Сондықтан бұл жағдайдан қорқып, «білімді тауарға айналдырмаймыз» деу де мүмкін емес. Біз қазірдің өзінде бұл процесті бастан кешіріп жатырмыз, – деді әлеуметтанушы.

ӘЛЕМДЕ 3,3 МЛН СТУДЕНТ ҚАШЫҚТАН БІЛІМ АЛАДЫ

Atlantic International University дерегіне, әлемдегі университеттердің шамамен 61 пайызы онлайн оқыту құралдарын қолданады, сондай-ақ жоғары оқу орындарында 3,3 млн студент толықтай қашықтан білім алады. Әлемдік статистикаға зер салсақ, дүниежүзінде студенттердің шамамен 49 пайызы қандай да бір онлайн оқыту түрін аяқтаған. Мысалы, 2021 жылға қарай Coursera сияқты платформаларда шамамен 92 млн тіркелім болса, 2027 жылға қарай бұл көрсеткіш 57 млн-ға жетеді деген болжам бар.

Онлайн оқыту жүйесі Қазақстанда қарқынды дамып келе жатқанымен, академиялық ортаның өкілдері оны сапасына қатысты бірқатар жүйелі мәселені алға тартады. Пандемия кезінде жаппай енгізілген

оқытушыны, айналып келгенде өздерін алдауға тырысатын кездері жиі кездеседі. Джордж Вашингтон университетінде (George Washington University) тағылымдамалардан өткенде студенттің өз бетінше ізденіп, білім алуына қолайлы жағдай жасалғанын байқадым. Мұнда барлық ақылы бағдарламаға, кітаптар мен журналдарға, ақылы курстарға оңай қол жеткізуге болады. Кітапханада түрлі шеберлік сағаты өткізіледі, сондай-ақ студенттер мен оқытушыларға зерттеу тақырыбы немесе үй тапсырмасы бойынша кеңес беретін арнайы мамандар жұмыс істейді. Үшіншіден, студенттер оқытушыдан ғана емес, бір-бірінен үйренеді. Мұндай мүмкіндікті онлайн оқыту жүйесі бере алмайды. Оның үстіне, студенттің топпен жұмыс істеп үйренуі, әлеуметтік ортамен араласуы сияқты қабілеттерін (soft skills) дамытатын да офлайн оқыту форматы, – деді маман.

«ОҚЫТУШЫЛАРДЫҢ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ ДЕНГЕЙІ БІРДЕЙ ЕМЕС»

Онлайн оқыту білім беру жүйесіне толық альтернатива бола ала ма, әлде тек уақытша немесе қосымша құрал болып қала бере ме? Ассистент-профессор академиялық



тәжірибесіне сүйене отырып, бұл сауалға төмендегідей пікір білдірді.

– Толық біреуіне өтеміз, екеуінің бірі қалады деу – қате. Екеуінің де тиімді тұстары бар. Сол екі жақтың тиімді тұстарын алып, біріктіріп, аралас өткізсе, студенттер үшін пайдалы болар еді. Онлайн білім жүйесі бір сәтте енгізе салатын дүние емес. Ол бірнеше сатылы қадам арқылы енгізілуі керек. Қадам-қадаммен оқытушыларды дайындап (Scaffolding the instructors), шеберлік сағатын өткізіп, технология мүмкіндіктерін пайдалануға үйреткеннен кейін ғана аралас (гибридті) форматқа өту қажет. Өйткені жоғарыда атап өткенімдей, оқытушылардың технологияны меңгеруі, оны практикада қолдануы бірдей емес, – деді А.Сләмғажы.

Қазір студенттер арасында онлайн емтихандар басымдағы білімді емес, технологияның тілін меңгергендер ұтып кетеді деген пікір қалыптасқан. Алайда бұл ретте Айнур ханым мәселе тек технологияда емес екенін айтып өтті. Прокторинг жүйелері арқылы бақылауды күшейтуге болғанымен, басты түйткіл – студенттердің емтиханды адал тапсыруға емес, түрлі айла-амалдарды қолдануға ұмтылуында жатыр.

– Егер оқытушы технологияны жақсы меңгерсе, проктор бағдарламалары арқылы оның алдын алуға болады. Бірақ негізгі мәселе – студенттердің осындай кедергілерді айналып өтуге тырысуы, яғни білім басқаға емес, өзіне керек екенін түсініп, оқыса деген тілек. Білімнің қажеттілігін түсінбеген студент уақытын білім алуға емес, байкатпай көшіру, екінші бір адамның көмегімен өту сынды айла-амалдар іздеуге жұмсайды. Егер студент білімнің өзіне қажет екенін түсінесе, онлайн оқып-ақ үздік нәтиже көрсете алады, – деді ол.

Ассистент-профессор Айнур Сләмғажының бұл пікірін академиялық ортадағы әріптесі, Максұт Нәрікбаев университетінің аға оқытушысы Алмабек Ибрайымов та құптады. Оның сөзінше, оқытушылар сабақ барысында түрлі интерактивті тапсырмалар беріп, білім алушымен онлайн форматта да тікелей байланыс орнатуға тырысады. Студент аудиторияда отырмаса да, оның қатысуы мен белсенділігі үнемі бақылауда болады.

– Академиялық адалдық мәселесіне келсек, онлайн оқыту жүйесінде белгілі бір талаптар бар. Мәселен, студенттердің камераны қосып отыруы, сұрақтарға жауап беру үшін қол көтеруі және сабаққа белсенді қатысуы оқыту процесін бақылауға мүмкіндік береді. Одан бөлек, қашықтан оқыту кезінде студенттің сабаққа деген ынтасын жоғалтып алмас үшін арнайы педагогикалық әдістер қолданылады. Білім алушының оқыту процесіндегі форматқа емес, оның жеке мотивациясына байланысты деп ойлаймын. Қызығушылығы жоғары студент онлайн-да да, офлайн-да белсенді болады. Ал керісінше жағдайда, форматтың өзі нәтижеге айтарлықтай әсер етпейді, – деді А.Ибрайымов.

Күнделікті тәжірибеде экран артындағы балалармен сағаттап жұмыс істейтін мамандардың бірі – Әдия Сайлау. Бүгінде ол онлайн платформа арқылы оқушыларға қазақ тілі пәнінен білім береді. Өмір салты цифрлық ортаға бейімделген Әдия оқыту процесінде ата-ана мен оқытушы арасындағы байланыстың маңызды рөлге ие екенін негізге алады. «Егер үйдегі тәртіп сақталса, оқытуға деген ынта болса, балада мотивация тұрақты болады», – дейді ол.

– Экранның ар жағында отырып, оқушының прогресін бақылау қиын емес. Сабақ барысында берілген тапсырмалар арқылы оқушының бастапқы және кейінгі нәтижесін салыстырып, оның даму деңгейін анықтауға болады. Кей жағдайда оқушының мотивациясы төмендеуі мүмкін. Мұндай сәтте баланы қыстамау қажет. Оның орнына жеңіл тапсырмалар беру, жылы сөз айтып, жетістігін атап өту арқылы қызығушылығын қайта оятуға болады. Бала үшін қолдау мен мақтау – ынталандыру құралы, – деді Ә.Сайлау.

Grand View Research мәліметіне сүйенсек, 2024 жылы әлемдік білім беру технологиялары нарығы 163,49 млрд доллар көлемінде бағаланған. Сарапшылардың болжамына, алдағы жылдары бұл көрсеткіш еселеп өсіп, 2030 жылға қарай 348,41 млрд долларға жетеді. Яғни, нарық жыл сайын орта есеппен 13,3 пайызға ұлғаймақ. Сарапшылар мұндай қарқынды өсімді ең әуелі жекелендірілген оқытуға деген сұраныстың өсуімен байланыстырады.

АВТОБУС ЖҮРГІЗУШІЛЕРІ НАРАЗЫЛЫҚ ТАНЫТТЫ

Атырауда екі бірдей автопарк жүргізушілері наразылыққа шықты. Қоғамдық көлік жүргізушілері белгіленген жалақының аз төленуіне қарсы. Тіпті, былтырғы желтоқсан айынан бері жүргізушілердің әлеуметтік төлемдері де аударылмай келген.

Абаян ЖАНҰЗАҚ, Атырау облысы

Қызметкерлердің мәліметінше, 2024 жылы Атырау қалалық мәслихаты автопарк жүргізушілерінің жалақысын 530 мың теңге көлемінде бекіткен. Алайда содан бері екі жылға жуық уақыт өтсе де, олардың ешқайсысы бұл соманы толық көлемде алмаған. Жүргізушілердің айтуынша, шын мәнінде алатын табыстары әлдеқайда төмен. Белгілі болғанындай, «Алғабас», «Атырау – автопарк» басшылығы сәуір айынан бастап еңбекақы мөлшерінің төмендейтіні туралы ескерту жасаған. Бұған дейін компания қызметкерлерге бір сағаттық жұмыс үшін 3 500 теңге төлеп келген. Енді бұл төлем 2 480 теңгеге дейін азайтылмақ. Ал жүргізушілер бұған наразы.

«Біздің талабымыз – Атырау қалалық мәслихаты бекіткен 530 мың теңге көлеміндегі жалақының толық төленуі және барлық міндетті әлеуметтік аударымдарды қалпына келтіру», – дейді жүргізушілер.

«Бізге: «500 мың теңге жалақыны мамырға дейін аласыздар», – деді. Жұмысымыз оңай емес. Таңғы 6.00-дан түнгі 22.00-ге дейін халықты тасып жүреміз. Жүргізушілер автобустарды да жуамағыз, көлікті таза ұстап отырмыз. Сондағы

алатынымыз – 280 мың теңге. Тек жүктемеміз көбейген кезде ғана 400 мың теңге алып жүрдік. Желтоқсаннан бері міндетті медициналық сақтандыру да төленбеген. Сырқаттансақ, жеке емханадағы дәрігерлерге баруға мәжбүрміз. Біз артық ештеңе сұрамаймыз. Осыдан екі жыл бұрын Атырау қалалық мәслихаты бекіткен жалақымыз толық көлемде төленсін», – дейді «Алғабас» автопаркінің жүргізушісі Ержан Жармұқанов.

Қоғамдық көлік жүргізушілерінің айтуынша, жалақы теңсіздігі бір немесе екі автопаркке ғана қатысты емес.

– 2024 жылдың жазында жалақымызды көтерді. Өзіміз сол айлыққа қанағаттанамыз. Атырауда 7 автопарк жұмыс істейді. Соның бесеуінде жұмыс істейтін жүргізушілер төменгі жалақы алып отыр. Түсінгеніміз бойынша, біздердің айлығымызды солармен теңестірейтін деп отыр. Ал біз оған қарсымыз, – дейді автобус жүргізушісі Мендігерей Аманов.

Осы жағдайға байланысты, Атырау қалалық әкімдігі ресми түсініктеме берді. Әкімдіктің ресми өкілі Еркеназ Қалижановтың айтуынша, жүргізушілердің талабы негізсіз емес.

– Қоғамдық көлік саласында жұмыс істейтін жүргізушілердің әлеуметтік жағдайын жақсарту және саладағы кадрлық тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында, Атырау



қаласы әкімдігі тарапынан 2024 жылдан бастап жүргізушілердің еңбекақысы кезек-кезеңімен ұлғайтылып, қазір белгіленген мөлшерде төленуі қамтамасыз етіліп келеді. Жүргізушілердің еңбекақысы жолаушылар тасымалына бөлінетін субсидия құрамына енгізілген және барлық автопарктер үшін бірдей қарастырылған.

Туындаған мәселе «Атырау – Автопарк» және «Алғабас» автопарктерінің қызметіне қатысты. Жиналған жүргізушілерді автопарк басшылығы қабылдап, аталмыш жағдай бойынша тиісті түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Келіссөздер нәтижесінде жағдай реттелді. «Атырау – Автопарк» және «Алғабас» автопарктеріне қатысты туындаған мәселе бойынша тараптар келісімге келді. Нәтижесінде, қызметкерлердің жалақы қоры 531 962 мың теңге көлемінде сақталатын болды. Сонымен қатар 16 пайыз көлемінде үстеме шығын қарастырылды, – деді спикер.

қалтаға да ыңғайлы. Қарапайым адам болғандықтан, бізге жолақысын үнемдеу ыңғайлы», – дейді ол.

Бұл бір ғана Жанаттың емес, қоғамдық көлікті күнделікті қолданатын қарапайым тұрғындардың пікірі деуге болады. Сондықтан айтпағымыз, автобус жүргізушілерінің қызметі – халық үшін өте маңызды сектор. Демек, автобус жүргізушілерінің еңбек жағдайы – өркес бірінші орында болуға тиіс.

Айта кетелік, Атырау қаласындағы қоғамдық көліктің субсидиялау үшін 11 млрд теңгеге жуық қаржы керек. Қаражаттың шектеулі болуына байланысты жергілікті қазынадан әзірге 2 млрд теңге бөлінген. Атырау қалалық жолаушылар көлігі және автомобильдер жолдары бөлімі басшысының орынбасары Алмас Сәрсенов айтуынша, субсидия көлемінің артуына жанар-жағармай бағасының, автобөлестердің қымбаттауы, жолаушылар санының, жүргізушілер жалақысының артуы сынды факторлар әсер етеді.

– Қазіргі уақытта Атырау қаласы аумағында 38 бағыт болса, оның 36-сына субсидия беріліп отыр. Оның көлемі жолаушылардың ағынына, бағыт пен автобус саны сияқты бірнеше факторға байланысты. Арнайы бекітілген талап пен есептеу жүйесі бар, соған сәйкес қаржыландырылады, – деді Атырау қалалық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі басшысының орынбасары Алмас Сәрсенов.

Қалай десек те, қоғамдық көлік – қала өмірінің ажырамас бөлігі, ал жүргізушілердің жағдайы оның сапасына тікелей әсер етеді.

СПОРТ STYLE

31 НАУРЫЗ 2026 | СЕЙСЕНБІ



Мүз үстіндегі

БӘСЕКЕ

Чехияның астанасы Прага қаласында мәнерлеп сырғанаудан әлем чемпионаты өз мәресіне жетті. Биылғы дода бірқатар ерекшелігімен есте қалғаны рас. Мәселен, додаға ресейлік спортшылардың қатыспауы бәсекенің бағытына әсер етпей қоймады. Одан бөлек, жаңа әлемдік рекордтар тіркелді. Бұл әлемдік додада Қазақстан намысын Диас Жиренбаев пен Софья Самоделкина қорғап, өз мүмкіндіктерін көрсетті.

МҰЗДАҒЫ МАЛИНИННИҢ ҮСТЕМДІГІ

Қазір мәнерлеп сырғанау десек, есімізге бірден Илья Малинин түсетіні анық. 21 жастағы Илья Малинин өз үстемдігін қайта жалғап, Прагада мінсіз өнер көрсетіп, алтын тұғырға қайта аяқ басты. Ол қос бағдарлама қорытындысы бойынша 329,40 ұпай жинап, қарсыластарынан айқын басым түсті. Күмісті жапониялық Юма Кагияма, коланы оның отандасы Шун Сато иеленді.



Ол еркін бағдарламасында төрт еселенген секіру, үш еселенген Аксель, төрт еселенген Лутц, үш еселенген секіру, төрт еселенген Лутц-Эйлер-үш еселенген Салхов комбинациясы, төрт еселенген аяқ ілмегі-үш еселенген аяқ ілмегі комбинациясы, төрт еселенген Салхов-қос Аксель тізбегі және өзінің ерекше сальтосын жасап көпшілікті тәнті етті.

шылар оның жетістігін ерекше бағалап, дәл уақытында шынына шыққанын алға тартады.

— Мен алдағы жарыстардан көп үміт күтпеуге тырысамын. Тек өзім сүйетін ісімнен ләззат алғым келеді. Әрине, олимпиадада болған жайтты ұмыту мүмкін емес. Алайда солармен қатар жақсы естеліктерді де жиі ойлаймын. Қазір бәрін сол калпында қабылдап, алдағыны сабырмен

Дегенмен сарапшылардың пікірінше, оның басты сынағы әлі алда. Танымал хореограф Илья Авербух Малининді қазір әлемдегі ең мықты спортшы деп атағанымен, олимпиададағы сәтсіздігін еске салды. Оның айтуынша, спортшы өз мәртебесін толық дәлелдеу үшін келесі олимпиадада жеңіске жетуі тиіс.

— Илья төрт жылдан кейін олимпиада ойындарында жеңіске жеткенде ғана өзін ақтай алады. Олимпиада ойындарын төрт жылда бір рет өтетін әлем чемпионаттарынан ерекшелендіретін нәрсе осы. Бұл мәнерлеп сырғанаудан ерекше маңызды, жоғары деңгейлі турнир, — деп атап өтті ол Match TV-ге берген сұхбатында.

Бұл ретте қазақстандық олимпиада чемпионы Михаил Шайдаров есімі де аталып өтті. Сарап-

күтіп жүрмін, — деді Илья Малинин Прагада өткен әлем чемпионатындағы қысқа бағдарламасынан кейін Golden Skate басылымына.

САКАМОТОНЫҢ САЛТАНАТЫ

Каори Сакамото әлем чемпионатында тағы да топ жарып, төртінші мәрте алтын медаль иеленді. Ресейлік спортшылар қатыспаған бәсекеде жапон мәнерлеп сырғанаушысы айқын басымдық танытып, қарсыластарына еш мүмкіндік қалдырмады. Әйелдер арасындағы жеке кейін сында 25 жастағы Сакамото 238,28 ұпай жинап, жаңа рекорд орнатты. Күміс жүлде оның отандасы Моне Чибана еншісіне бұйырса, бельгиялық Нина Пинзарроне үздік үштікті түйіндеді. Ал грузиялық Анастасия Губанова оныншы орынмен шектелсе, қазақстандық Софья Самоделкина жарысты 12-орынмен аяқтады.

КСРО-ның еңбек сіңірген жаттықтырушысы Татьяна Тарасова Match TV арнасына берген сұхбатында бұл додада бәсекелестерден жоғары нәтиже күтілетінін атап айтты. Дегенмен ол Сакамотоның өнеріне ерекше тоқталып, оның сырғанаудағы шынайылығы мен эмоциясын жоғары бағалады.

— Сакамотоны осындай әдемі күйде көргеніме қуаныштымын. Мен оны көп жылдар бойы жақсы көремін... Каори ерекше. Бір аламның бүкіл әлемге осындай зор қуаныш әкелгені үшін оған алғысымды білдіремін. Каоридің мансабын аяқтап жатқанына өкінемін. Мен оны ешкіммен салыстырмаймын. Оны салыстыратын ешкім жоқ, — деді ол.

Айта кетейік, бұл Сакамотоның әлем чемпионаттарындағы төртінші алтыны (2022-2025). Ол сондай-ақ бір рет күміс жүлде жеңіп алған. Жапон спортшысы 2025/26 маусымынан кейін кәсіби мансабын аяқтауды жоспарлап отыр.

ЖАҢА ЕСІМДЕР ШЫҚҚАН ЖОҚ

Осы жарыста біздің қыз-жігіттеріміз жанкүйерлер үшін аралас әсер сыйлады. Мүз үстіне жаңа есімдер шығып, мүмкіндіктерді көретін сәт туғанмен, әлі де жетілдіруіміз қажет ететін тұсымыз көп.

Ерлер арасындағы бәсекеде Қазақстан намысын Диас Жиренбаев қорғады. Ол қысқа бағдарламада 59,34 ұпай жинап, 35-орынға тұрақтады. Өкінішке қарай, бұл нәтиже еркін бағдарламаға өтуге жеткіліксіз болды. Себебі келесі кезеңге тек үздік 24 спортшы ғана жолдама алады. Осылайша, Жиренбаев үшін әлем чемпионаты ерте аяқталды. Ал әйелдер арасындағы жарыста Софья Самоделкина ел үмітін арқалап шықты. Қысқа бағдарламадан кейін ол 12-орында



Өзімді жаман сезінген жоқпын, бірақ еркін сырғанаудағы өнеріме толық қанағаттанбаймын. Жаттығуда әлдеқайда жақсы орындадым деп ойлаймын

тұрған еді. Еркін бағдарламада 120,58 ұпай жинап, жалпы есепте 187,53 ұпаймен жарысты 12-орынмен аяқтады.

Жарыстан кейін Софья Самоделкина өз өнеріне қатысты ойын ашық айтты. Оның сөзіне, жалпы жағдайы жаман болмағанымен, еркін бағдарлама көңілінен толық шықпаған. «Өзімді жаман сезінген жоқпын, бірақ еркін сырғанаудағы өнеріме толық қанағаттанбаймын. Жаттығуда әлдеқайда жақсы орындадым деп ойлаймын», — деді ол.

Спортшының айтуынша, нәтижеге әсер еткен басты факторлардың бірі — жаракат. Тізесіндегі жаракаты оған толыққанды дайындалуға кедергі келтірген. «Кейде күніне бір сағат қана жаттығуға мүмкіндік болады. Қазір ең бастысы қалыпқа келіп, демалу», — деді Самоделкина.

Ол алдағы жоспарларын да бөлісті. Жарыстан кейін біраз үзіліс жасап, отбасымен уақыт өткізіп, саяхаттауды көздеп отыр. Ал жаңа маусымда тың бағдарламалар дайындап, өз деңгейін көтеруге ниетті.

Прагадағы бұл дода Қазақстан құрамасы үшін үлкен сабақ болды. Нәтиже жоғары болмағанымен, тәжірибе жинақталып, алдағы ірі жарыстарға бағыт айқындалды. Ендігі мақсат — осы мүмкіндікті дұрыс пайдаланып, келесі маусымда жаңа деңгейге көтерілу.

АЗИЯ КУБОГЫНА ЖОЛДАМА АЛДЫ

Астанада 18 жасқа дейінгі қыздар арасындағы баскетболдан Азия кубогының іріктеу турнирі аяқталды.



Орталық Азия елдері арасындағы іріктеуге Қазақстан, Өзбекстан және Қырғызстан құрамалары қатысты.

Біздің команда алғашқы ойында Қырғызстанды 75:34 есебімен жеңді. Шешуші кездесуде қазақстандықтар Өзбекстаннан басым түсті — 89:41.

Осылайша, Қазақстан бірінші орынды иеленіп, биылғы жылдың қыркүйек айында Таиландта өтетін Азия кубогына жолдама алды.

ЖІБЕКТИҢ ЖЕҢІСІ



Қазақстандық теннисші Жібек Құламбаева Үндістанның Нагпур қаласында өткен ITF W15 сериясындағы турнирдің абсолютті жеңімпазы атанды. Спортшы жеке кейін және жұптық сында үздік болды.

Жеке кейін сындағы финалда Жібек жергілікті теннисші Соһал Патилмен кездесті. Шешуші матч қазақстандықтың екі сетте жеңісімен аяқталды — 6:1, 6:3.

Жұптық сында Құламбаева турнирде ресейлік Екатерина Яшинамен дуэрге өнер көрсетті.

Финалда теннисшілер Элина Неплий / Ксения Ласкутова (Ресей) жұбын жеңді. Кездесу 5:7, 6:4, 10:6 есебімен аяқталды.

Нагпурдағы қос жеңістің маңызы ерекше: жеке кейін және жұптық сындағы жеңістер Жібек үшін осы маусымдағы алғашқы титулдар болды, ол бұған дейін алған жаракатынан кейін қалпына келген еді.

ВЕЛОТРЕКТЕН ҮШ МЕДАЛЬ ЕНШІЛЕДІК

Қазақстанның велотрек құрамасы Филиппиннің Тайгатай қаласында өтіп жатқан Азия чемпионатындағы өнерін жалғастыруда. Жарыс аясында ұлттық құрама үш медаль еншіледі.

Әйелдер арасындағы жеке қуу жарысында Рината Сұлтанова қола жүлдеге ие болды. Әлішер Жұмақанов ұпай бойынша топтық жарыста екінші нәтиже көрсетті.

Сондай-ақ Рамис Дінмұхаметов пен Илья Карабутов жүлдегерлер қатарынан көрінді. Спортшылар мэдисон сайысында күміс медаль жеңіп алды.



Бетті дайындаған Әсет ҚАЛИ

AMANAT
MEDIA GROUP

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Бәни ЖАНЗАҚ –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklam.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(717) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Талсырыс №4721
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,